

Ш.УӘЛИЛАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ КАФЕДРАСЫ

РАХМЕТУЛИНА Ж.Б.

«Құқық және экономика негіздері»
мамандықтағы студенттерге арналған
«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМДЕР ТАРИХЫ» пәнінен

ОҚУ- ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Көкшетау 2005

ББК 65.02 я 7:

Р 24

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті Тарих және бейнелеу факультетінің Оқу-әдістемелік кеңесі ұсынды (2005ж.04.11 №7 хаттама)

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Оқу-әдістемелік кеңесі ұсынды (2005ж.05.05.№ 9хаттама)

Пікір жазған:

э.ғ.д., профессор, Нурмаганбетов К.Р.,

э.ғ.к., Нұргалиева А.Ш.

Рахметулина Ж.Б.

Р 24 «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандықтағы студенттерге арналған «Экономикалық ілімдер тарихы» пәнінен оқу-әдістемелік құрал.- Көкшетау: Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік университет, 2005.- 90 бет.

ISBN 9965-678-71-5

0601000000

Р 00(05)-05

ББК.65 я 7

ISBN 9965-678-71-5

© Рахметулина Ж.

© Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2005ж.

Кіріспе

Экономикалық ілімдер тарихы құлиеленуші құрылымнан бастап әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғалымдардың экономикалық көзқарастарының негізгі жүйелерінің туу және даму тарихи процесін оқытады.

Бұл пәнді оқытудағы мақсат – адамзат қоғамының дамуы процесінде экономикалық ілімдердің дамуының негізгі кезеңдері бойынша білімділікті қалыптастыру, экономикалық ойларды дамыту.

Экономикалық ілім тарихын идеялардың абстрактілі тарихы ретінде емес, осы идеяларды құрған адамдардың зияткерлі тарихы ретінде қараған дұрыс.

Қазіргі экономикалық теория пәні тез өзгеріп отырады, олардың ең жақсысының өзіне жиі едәуір өзгертулер енгізу қажет.

Әдістемелік құралда қолданылған тарихи шолу экономикалық ілімдер тарихы тым жадағай ғылым бола алмайтынын көрсетеді.

Бұл пәннің курсы экономикалық теорияның ішкі қисынын, мәнін, негізгі қағидаларының, тұжырымдама, санат, көзқарастарының тууы мен дамуын терең түсінгісі келетіндерге арналған. Тарихи өткенді білу қазіргі кездегі бастамаларды жақсы түсінуге ықпал етеді.

Әртүрлі дәуірлердің, кезеңдердің экономикалық ілімі бойынша әдістемелік құрал құрылымы экономикалық тұжырымдамалардың туу, даму және ауысу тарихи-даму процесінің барысы бойынша жіктеледі. Осы құралда дәрістердің қысқаша мазмұны беріледі: нарық жағдайына дейінгі экономиканың, классикалық саяси экономиканың қалыптасуы мен дамуы экономикалық ілімінен бастап қазіргі кездегі экономикалық ойларға дейін, сонымен қатар тест сұрақтары, реферат тақырыптары, осы курс бойынша бақылау сұрақтарының тізбесі берілген.

1 ДӘРІС

НАРЫҚҚА ДЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОҚУЛАРЫ

1. Экономикалық оқулар тарихы курсының пәні, әдісі, құрылымы.
2. Ежелгі дүние ортағасырлық экономикалық ойлар.
3. Меркантилизм ерекшеліктері.

Экономикалық оқулар тарихының пәні –бұл адам қоғамының даму барысындағы экономикалық түйсінудің және көзқарастардың пайда болу үрдісі, қалыптасуы, дамуы және өзгеру тарихын зерттеу.

Пәнді оқудың басты мақсаты экономикалық ойларды дамыту, адам қоғамының даму үрдісіндегі экономикалық оқулар дамуының негізгі кезеңдері және бөліктері бойынша білімдерін қалыптастыру.

Экономикалық ғылымда *әсіресе статистикалық-уақыттық сараптау мен тарихи- модельдік сараптаудың* орны ерекше.

Тарихтан білетініміздей, экономика өте ежелгі ғылымдардың бірінен саналады. Адам табиғи ресурстарды, қорларды қолдана бастаған уақыттан бастап, ол оны өте бір тиімді түрде қолдану әдістері туралы ойлана бастады. Экономикалық ойлар бірінші кезекте қоғам туралы басқа да ойлардан бөлінген емес, көбі өздерінің зерттеулерін Вавилон, Қытай, Үндістан, классикалық грек ойшылдарының экономикалық ойларынан бастайды.

Экономикалық ілім ұзақ уақыт бойына байлық туралы ғылым ретінде дамыған болатын. Қоғамның экономикалық орналасуын ілімдік тұрғыдан түсінудің және оның байлықтың көзі екендігін түрліше данышпандық тәсілдермен анықтауды ұлы гректер бастаған болатын.

Алғашқы рет «экономика» деген терминді грек ойшылы **Ксенофонт** қолдана бастады. (ол біздің дәуірімізге дейінгі 445-355 жылдары өмір сүрген). Ол құлиеленушілердің үй шаруашылығын басқаруы бойынша «*Экономикос*» деген басшылық құрастырған болатын. *Экономикос* - гректің

«ойкос»- үй, «номос»-заң дегенді білдіреді, оны тура аударатын болсақ, «үйқұрылысы», яғни үй шаруашылығын басқару өнері деген сөз. Ксенофонт, экономика- ғылым, оның көмегімен өзінің шаруашылығынды байытуға болады деген. Үйқұрылысы мен ауыл шаруашылығынды ол байлықтың көзі деп таныды. Ал қолөнер, сауда және өсімқорлықты қызметтің өте бір келеңсіз түрлері деп есептеген. «Экономикос» көптеген ғасырлар бойы құлиеленушінің табиғи шаруашылығын зерттеудің мақсатына қызмет етіп отыр.

Платон (біздің дәуірімізге дейінгі 427-347 жылдары өмір сүрген):

1. Табиғи шаруашылықпен ғана айналысатын болса және ақшаның айналымы өте шектеулі түрде болатын болса мемлекет ұзақ уақыт өмір сүре алмайды.
2. Қалалықтарға жер бөліп беру керек.
3. Қалалықтардың мүліктері шектен шықпауы керек, яғни тым көп болмауы тиіс.
4. Пайызға ссудалар беруге тыйым салынады.
5. Бағаны мемлекет тарапынан реттеу керек.
6. Билік басындағылар мен әскерлердің жеке меншік мүліктері болмауы тиіс.
7. Шаруалар мен қолөнершілер жеке кәсіпкер бола алады.
8. Азаматтардың мүліктері есепке алынуы тиіс, және мемлекет шектен тыс мүліктерді тартып алуына құқылы.

Осыдан мынадай қорытынды шығады: бәсекелестік және келіспеушіліктер, соттар жойылады, алтын мен күмістер керексіз болып қалады.

Аристотель (ол біздің дәуірімізге дейінгі 384-322 жылдары өмір сүрген).

Аристотель антикалық ойшылардың ішіндегі ең бір данышпан ғалым болған. Ол бау - бақшаның ішінде серуендеп жүріп өзінің оқушыларымен жер, жаратылыс туралы ойларымен бөлісуді өте ұнатқан. Сондықтан оның оқуларын перипатетиктер (серуендеушілер) мектебі деп атайды. Экономист - Аристотельдің негізгі сіңірген еңбегі

ретінде оның бірінші болып саяси экономиканың кейбір категориялары мен заңдылықтарын белгілегенін атап өтуге болады.

Оларға келесі қағидаларды жатқызамыз:

1. Ксенофонт ұсынған терминологияны қолдана отырып, ол «экономика» түсінігін ғылыми мазмұнмен толықтырды. Аристотель бойынша, экономия - бұл өнімдерді өндірумен байланысты қарапайым шаруашылық қызмет. «Экономикамен» бірге ол өзі айдар таққан «хремастика» атты құбылысты таныған болатын (гректің «хрема»- мүлік, иелену деген сөздері), яғни *ақшалай байлықты таба білу өнері*. «Экономия» және «хремастика» екеуі қосылып байлық туралы оқуды құрастырады. Алайда, экономика өнімдерді өндірумен байланысты болса, хремастика - ақшаның айналылымен, капиталды салу және толтырумен байланысты болған. Бұл тарихтағы капиталды сараптауға бағытталған алғашқы талпыныс болатын.

2. Аристотель айырбасталатын тауарлардың теңдігі негізінде не жатқанын тануға тырысты(осы сұрақ бойынша ойлардың таласы- еңбекке кеткен шығындардың рөлі мен бағақалыптасудың пайдалығы арасындағы қатынас туралы ойлар әлі күнге өз шешімін таба қойған жоқ).

3. Аристотель тауарлардың қасиетін, ақшаның маңызы мен қызметін табуға біраз талпыныс жасап көрді.

Ксенофонт сияқты Аристотель үшін де табиғи шаруашылық негізгі идеал болып қалды. Алайда, Аристотель Ксенофонт сияқты емес, тауарлық- ақшалай қатынасты қолдап қана қоймай, оны зерттеуге біраз талпыныстар жасады.

Антикалық ойшылардың сіңірген еңбектерін бағалай отырып, келесідей қорытындыларды жасауға болады:

1. Қызығушылықтарының нысаны ретінде жартылай табиғи құлиеленушілік қызмет алынды. Қоғамдағы тауарлық- ақшалай қатынастардың туындауын зерттеулер арнайы жасалған жоқ; кездейсоқ жасалған ғылыми зерттеулер еді.

2. Құлиеленушілік шаруашылықты ұйымдастыру және басқару принциптеріне алғашқы рет дүниежүзінде «экономия» деген айдар тағылып, ресімделген болатын.
3. Олардың ғылыми талпыныстарын, көзқарастарын болған ғылым деп атауға болмайды. Олар негізгі ілімді түрткі ойларды құрастырған, алайда онда қырағылықпен негізгі екі жағдай айтылған:
 - Шаруашылықты жүргізудің заңдарын зерттеу;
 - Байлықты ұлғайту жолдарын зерттеу.«Заң» және «байлық» категорияларын сараптау сол кезден бастап ұзақ уақытқа дейін экономикалық ғылымның зерттеу нысанына айналып отыр.

Меркантилизм - саяси экономиканың алғышарты.

Экономикалық ілім, яғни категория және заңдар туралы білім жүйесі ғылым ретінде капитализм қалыптаса бастаған кезеңде ресімделе бастады (ол кезең- XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басын қамтиды). Буржуазия алғашында өндірісте емес, айналым саласында іске аса бастады, онда байлықтың көрсеткіші болған сауда және ақшамен жасалған түрлі операциялармен айналысқан. Сондықтан алғашқы экономикалық оқу меркантилизм(итальян тілінен аударылғанда- саудагер) деп аталды. Меркантилизмнің мәні:

Байлық- ол біріншіден барлық затты; қызметті сатып алуға мүмкіндік беретін алтын. Оны негізінен сыртқы сауда әкеледі. Ендеше алтынды елге енгізу қажет, ал елден шығаруға еш болмайды, сондықтан айналым саласын гана зерттеу қажет.

Сонау XIV ғасырдың соңында Ричард II Лондон көпестеріне Ағылшын елін қаржылық өлімнен сақтап қалудың қандай жолдары бар деген сауал қойған болатын. Көпестер болса оған: «Біз шетелдіктерге сатқаннан гөрі, сатып алуға тырысуымыз керек» деген жауап қайтарады. Бұл меркантилизм ілімшілерінің де, саясаткерлердің де негізгі принципі болды.

Меркантилизмнің алғашқы кезеңі(XV ғасыр және XVI ғасырдың басы) капиталды бастапқы жинауымен байланысты болды, себебі әр қилы кәсіпкерліктің бастамасы, әрине, ақша, оған жұмысшылар жалданады және бизнеспен айналысу үшін керекті тауарлар сатып алынады. Сондықтан үкімет басындағылардың бұл кезеңдегі экономикалық саясаты елге ақшаларды- құнды металдарды және оны тасушылар- көпестер"қонақтарды" тартуға бағытталды. Олар үшін"мейман аулалары"(арнайы қойма орындары) салынды.

Екінші кезеңде(XVII-XVIII ғасырлар) үкімет басындағылар және олардың кеңесшілері елге ақшаны тартудың ең тиімді тәсілі- сыртқа (экспортқа) шығарылатын тауарлардың өндірісін дамыту екендігін түсінді. Сондықтан мемлекеттік билік өнеркәсіптік өндірісті дамыта бастады, мануфактураларға демеу берді, қолдау жасады.

Меркантилизмдік саясаттағы осы екі сатыға меркантилизм ілімінің дамуындағы екі кезең сәйкес келді.

Алғашқы кезеңінде ол *монетаризм* түрінде болды, ол байдықтың негізгі формасы ретінде алтын мен күмісті мұрат ету, қадірлеуді насихаттады. Монетаристер «ақшалық баланстың» ілімін ұсынды, сол теория бойынша елден шет елге ақшаны шығаруғы тыйым салынды.

Екінші кезеңде меркантилистер ақша саласы емес, тауарлық ауыстыру саласын зерттеуге кірісті. «Тауарлық баланс» ілімі өзірленді. Алғашқы меркантилистердей емес, соңғылар елден ақша шығаруға тыйым салуға тыйым салған жоқ, өнеркәсіптік тауарлардың экспортқа шығу мөлшерін, көлемін өсіруді, шетел тауарларына жоғары деңгейлі баж салуды, ұлттық экономикаға қолдау көрсетуді, яғни *протекционизм* (протекцио- латынның қолдау, қорғау деген сөзінің аудармасы) саясатын енгізу, жүзеге асыруды ұсынды. Меркантилизм өкілдерінің ішінен Т.Менді, А. Монкретьенді, У.Стаффордты, Кольберді атап өтуге болады. Ресейліктер- Ордин-Нащекин, бірінші Петр, И.И.Посошков."Саяси экономия"»атты терминді алғашқы рет сегізінші Людовик кезеңінде өмір сүрген француз азаматы А.Монкретьен де

Ваттевиль енгізді(1575-1622 жылдары өмір сүрген). Ағылшын еліндегі меркантилистер оқуларымен танысып, ағылшын шаруашылығының, сауданың және ұлттық өнеркәсіптің қарқынды дамуына куәгер болған Монкретьен Франция елінде ұлттық өнеркәсіптің белсенді қолдаушысына айналды. Ол сонымен қатар мемлекеттік шаруашылық құруды да қолдады, осы ойын корольге дәлелдеуге тырысты. Сол мақсатпен 1615 жылы ол өз ғұмырындағы негізгі кітабын жазған болатын. Ол «Король мен королеваға арналған саяси экономиканың трактаты» атты кітабын жас сегізінші Людовикке және королева - анаға арнады.

«Экономия» (үйкұрылымы туралы заң) сөзін ол көне гректерден алды. «Политейя» грек тілінен аударылғанда – саяси құрылым, яғни оны «Қоғамдық шаруашылықтың заңдары туралы трактат» деп аударуға болады.

Монкретьеннің сіңірген еңбегі ретінде кітабына өте оңтайлы, ретті айдар таққанын ғана атамаймыз. Бастысы - басқада: *бұл экономикалық мәселелерге байланысты арнайы жазылған Еуропадағы шығармалардың біріншілері болып табылады.*

Саяси экономия қоғамдық шаруашылықтың даму заңдары туралы ғылым деп жарияланды.

Монкретьеннің кітабы жарыққа шыққаннан соң экономикалық ілім үш жүз жылдан астам уақыт бойы саяси экономия ретінде дамыды. Тек соңғы жүзжылдық ішінде балама ағымдар да пайда болды: экономикс, менстрим, экономикалық ілім және тағы сол сияқтылар.

Меркантилизмді толығымен, жалпылай бағалай отырып, келесідей негізгі нәтижелер, қорытындылар шығаруға болады:

1. Меркантилистер байлықтың көзі деп ақшаны таныды. Ақша соңына түсуді ілімдік тұрғыдан түсіндіріп беруге бағытталған талпыныстар классикалық саяси экономиканың дамуында шешуші рөл атқарды.

2. Ал меркантилизм болса ол кезде әлі де болса нақты ғылым бола қойған жоқ. Оны буржуазиялық саяси экономиканың алғышарты деп атасақ болады.
3. Нақты ғылым айналымды (сауданы) сараптаудан өндірісті сараптауға көшкен зерттеулерден басталды. Меркантилизмге тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, экономикада саудалық емес өнеркәсіптік капитал билікке шыға бастаған жаңа дәуірде өзінің күшін жойды.

2 ДӘРІС.

КЛАССИКАЛЫҚ САЯСИ ЭКОНОМИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.

1. Классикалық саяси экономия пәні және оны оқыту әдісі
2. Классикалық мектептің даму кезеңдері
3. Физиократтардың экономикалық ілімі

Айналыс аймағына өз көзқарасын енгізгеннен кейін, буржуазия өндіріс аймағына да ене бастады. Бұл бірден теорияда көрінді: байлықтың көзі – тек зат айырбастаумен шұғылданатын сауда емес, өндіріс екені дәлелденеді. Негізгі байлық ақша емес, тауар болды. Осылайша КЛАССИКАЛЫҚ САЯСИ ЭКОНОМИЯ мектебі пайда болды. Ол капиталистік тәртіптер ерте орнаған Англияда басқа елдерге қарағанда көп дамыды. Оның негізін қалағандар ағылшын У.Петти және француз судьясы Буагильбер болды.

XII-XIII ғасырдың көптеген ойшылдары сияқты **Уильям Петти (1623-1687)** «таза» экономист болмады. Бейімділігі бойынша теңізші және білімі бойынша дәрігер онда физика докторының дәрежесі болды, музыка оқытушысы және анатомия профессоры лауазымын иеленді. Петтиді байлықтың көзі еңбек деп бірінші айтқаны үшін саяси экономияның әкесі не Колумбы деп атады. Петтидің «байлықтың әкесі- еңбек, ал жер- анасы» деген қанатты сөзі бар. Өзі саяси арифметика деп атаған, экономикалық статистиканың құрылуы Петтидің атымен байланысты. Петти негізі табиғи баға (күн) туралы ілімге арналған бағаның еңбек теориясының бірінші авторы. Ол өзі

«табиғи баға» деп атаған ішкі құнды және рыноктық бағаның айырмашылығын анықтады.

Пьер Лепезан де Буагильбер (1646-1714) Франциядағы экономикалық ойлардың классикалық мектебінің негізін қалаушы. Ол да құнның еңбек теориясына негіздеме береді (Петтиден тәуелсіз). П.Л.Буагильбер қоғамның экономикалық дамуының себебін анықтауға тырысты. Ол ілгерілеудің маңызды шарты өндірістің шығындарын өтейтін, пайда алуға қабілетті, сату және тұтыну сұранымы процесін қолдайтын жақсы баға екенін айтты. Буагильбердің ойынша, мұндай бағалар еркін бәсеке талабында қалыптасады. Оның «laissez faire» (іске өз бағытымен жүруіне шама беріндер), яғни, экономика мәселелеріне мемлекеттің мүлдем араласпауы көп жылдар бойына өзінің көкейтестілігін (маңыздылығын) сақтады. Бұл жағдайда нарықтың «көрінбейтін қолдары» ресурстарды оңтайлы бөлуді қамтамасыз етеді.

XII ғасырдың екінші жартысы XIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген атақты шотландалық **Джон Ло**, Францияның бас қаржы бақылаушысы болған, соңынан «Инфляцияның әкесі» аталған, экономикалық теорияда жарқын із қалдырды. Оның ойы бойынша экономикалық ырыс-берекенің негізгі өлшемі елде ақшаның көп болуы болып табылады. Джон Ло нағыз байлық ақша емес, кәсіпорындар мен тауарлар екенін анық түсінді. Ол ақшаның көп болуы экономиканың гүлденуін қалыптастыратын кәсіпкерлікті, жұмыс күштерін және басқа факторларды тиімді пайдалану мүмкіндігін береді. Ло капиталдарды орталықтандыру және қауымдастыру идеясын ойлап шығарды. Егер акционерлік қоғамдардың тез дамуы Ескі және Жаңа қоғамда XIX ғасырдың ортасында басталғанын еске алсақ, онда атақты шотландалықтың өз уақытынан 150 жылға алға озғанын түсінуге болады.

Француз классикалық саяси экономиясының ағылшын классикалық саяси экономиясынан айырмашылығы:



1. Француз мектебінің ағылшын мектебінен айырмасы пайдакүнемдік саясатпен шешуші шайқас жүргізді.

2. Буагильбер тауарлар айырбастауда әділдіктің бұзылу себебін ақшадан көрді, ал ағылшын Петти ақшаны экономиканың дамуын қозғаушы күш деп санады.

3. Француз классикалық мектебі тұтыну құнын, ал ағылшын мектебі – айырбас құнын зерделеуге назар аударды;

4. Буагильбер ауылшаруашылық өндірісін дәріптеді, ал Петти өнеркәсіптің дамуына жақтас болды.

5. Француз мектебі шағын буржуазия мүддесін, ал ағылшын мектебі өнеркәсіп буржуазиясының мүддесін қорғады.

Ол уақытта Еуропа негізінен аграрлық болды, сондықтан көптеген экономистер өндірісті ауылшаруашылығымен қатар қойды. Олар **ФИЗИОКРАТТАР** мектебінің өкілдері болып табылады. (грекше физио - табиғат, кратос-билік). Ол Францияда XVIII ғасырдың ортасында қалыптасты және классикалық саяси экономияның француздық нұсқасы болды. Оның негізін салушы **Франсуа Кенэ болды (1694-1774)**.

Медицина докторы және Людовик XV кезінде сарай дәрігері болған ол қоғамды ағза деп санады және ондағы денсаулықты (межені) және ауруды (ауытқушылықты) айырды. Оның ойы бойынша, дені сау қоғам тепе-теңдікте болуы керек, ал оған жету үшін «ақша жинағанша, ауылшаруашылығын дамыту» керек. Физиократтар тек жер өңдеу еңбегінде және жерде игерілген өнімде байлықтың көзін көрді. «Ұдайы

өндіріс» деген терминнің өзін бірінші рет Кенэ пайдаланды. Бұл Вольтерше айтқанда, Франция өлең, комедия, трагедия, роман, діни танымдағы пікірталастардан зерігіп, ел нан туралы ойлауға көшкен кезең еді.

Кенэнің ғажайып жетістігі үш таптың: өндірісті (шаруалар), жер иеленушілер және қолөнершілер (өнімсіз тап) арасындағы ауыл шаруашылығында құрылған жиынтық жылдық өнім айналыс жасайтынын көрсететін «Экономикалық кестені» құруы болды.

Анн Робер Жак Тюрго (1727-1781) «Байлықтарды құру және бөлу туралы ойлар» атты еңбектің авторы, физиократтық мектептің дамуын жалғастырды. Тюрго физиократтардың таза өнімді жер игеру ісінің еңбек өнімділігіне тән нәтиже ретінде түсінуін тұжырымдады, ал физиократтар өнеркәсіпті жеміссіз, өнімсіз деп санады. Таза өнім деп ол барлық игіліктің сомасы мен өнімді өндірудегі шығынның арасындағы айырманы түсінді. Бұл артықтық (таза өнім)- табиғаттың теңдессіз сыйы. Өнеркәсіп еңбегі таза өнімнің көлемін өзгертпей, тек оның нұсқасын өзгертеді. Тезистарда құн, баға проблемалары ашылып көрсетіледі және олар болашақтағы пайдалылық теориясының негізін қалау туралы тұжырым жасауға әкеледі. Бірінші рет «жерөңдеушілер табы» және «қолөнершілер табы» ішінен кәсіпкерлер мен жалдамалы жұмысшыларды бөлді. Ол бірінші рет топырақтағы өсімталдықтың шығындылығы заңын тұжырымдады. Оның ойынша қарыздық пайыз қарыз беруші қарызды бергенде кірісті жоғалтуымен ақталады.

Капиталдан түскен табыс капиталдың шығыны және пайдасына бөлінеді (еңбекақы, кәсіпкерлік табыс және жер рентасына).

Физиократтар үшін «ақша капиталы» деген ұғым болған жоқ, олар ақша өздігінен өнім бермейді деп санады және ақшаның айналым құралы ретіндегі қызметін ғана мойындады. Ақша жинауды зиянды деп санады, өйткені ол ақшаны айналымнан шығарып, жалғыз пайдалы қызметі-тауар айырбастау қызметінен айырады деді.

Физиократтар салық салудың үш принципін шығарды:



1. Салық салу табыс көзі болып табылады.

2. Салық және табыс арасындағы арақатыстың барлығы.

3. Салық төлету шығыны көп салмақ түсірмеуі тиіс.

Тұжырым: физиократтар өнеркәсіптік еңбекті және өнеркәсіптік өнімді толықтай елемеді. Бұл олардың жіберген қателіктері болды. Ал сіңірген еңбектері- байлық көзін зерттеуді айналыс аймағынан өндіріс аймағына ауыстырғаны, байлыққа жеткізушілер ақша емес, тауар деп санағаны болды.

3 ДӘРІС.

КЛАССИКАЛЫҚ САЯСИ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ

1. Адам Смиттің экономикалық ілімі
2. Давид Рикардо, Ж.Б.Сей және Т.Мальтустың экономикалық ілімі.
3. Классикалық саяси экономияның дамуының аяқталу кезеңі.
4. Марксистік мектеп.

Классикалық саяси экономияның ең ірі өкілдері А.Смит және Д.Рикардо болып табылады.

Адам Смит(1723-1790) Шотландияда туған, философия және логика профессоры, Глазго университетінің ректоры болды. К.Маркс және Дж. Кейнспен қатар ол әлемдегі ең ірі үш экономистің бірі болып саналады. 1777 жылы А.Смит «Халықтардың байлығының табиғаты және себебі туралы зерттеу» атты кітабын шығарды. Жер игеруде ғана емес, өндірістің барлық саласында еңбек байлықтың көзі болып табылатынын, шығынға байланысты тауардың құны, одан кейін бағасы құралатынын дәлелі ретінде оның басты идеясы еңбек құнының теориясын негіздеу құралды. Смит құнның субстанциясы туралы (еңбек немесе пайдалылық) ойлай отыра еңбектің пайдасына таңдауды бірден жасамағанын ескерген жөн. Бұл таңдауға оны су және бриллианттың пайдасы туралы

ойлары әкелді. Ол өзіне бриллиантқа қарағанда адам үшін пайдасы көп судың неге соншалықты төмен бағаланатыны туралы сұрақ қойды. Осы «су-алмас» тосын пікірін (парадокс) шешу ықыласы оны экономикалық ғылымды шекті талдауды ашуға итермеледі.


Смиттің идеяларымен қызығушылықтың зор болғаны соншалық, оны Наполеонмен қатар Еуропадағы ең күдіретті дума билеушісі санады. Оның идеяларының ықпалымен саяси экономия курсы енгізілді, оны бірінші рет Эдинбург университетінде А.Смиттің шәкірті және досы Джон Стюарт оқыды.

Саяси экономия пәні, Смит бойынша, -бұл қоғамдық экономикалық даму және қоғамның әл-ауқатының өсуі, бұл жағдайда экономиканың дамуы халықтардың байлығы және игілігін құруға пайдаланылатын қоғамның материалдық ресурстарына сүйенеді.

Саяси экономияның міндеті елдің қуаттылығы мен байлығын өсіру.

Смиттің үш қағидаттары осы уақытқа дейін экономикалық ғылымның векторын анықтайды деп саналады. Олар Смиттің парадигмасын (үлгісін) құрайды.

Смиттің ғылыми жетістіктері:



Давид Рикардо(1772-1823) -өнеркәсіп революциясы кезеңінің экономисі. Ол өндіріс аймағын құнның және кірістің көзі санады, өзінің бөлу концепциясында экономикалық өмірдің серпінділігін (динамизмін) көрсетті. Капитализм өндірістің шексіз оңтайлы жүйесі, ал кіріс межесі капиталистік динамиканы ынталандырушы болып табылады.

Көзқарастар	А.Смит	Д.Рикардо
<p>Құн теориясы: -еңбекақы; -табыс -жер рентасы</p>	<p>Құн еңбек шығындарына байланысты анықталады. Еңбек өнімі- еңбегі үшін сыйлық. өндірілген өнім құны және еңбекақы арасындағы айырма. Жұмысшылардың төленбеген еңбектерінен құралады</p>	<p>Тұтыну және айырбас құнын айырды; Жалдамалы жұмыскер табысын, еңбегің үшін төлем; Жұмысшылардың төленбеген еңбектерінің өнімі; Жердің әр түрлі жемістілігі және орналасу жағдайы негізінде пайда болатын орта табыс құнының артылуы</p>
<p>Ақша теориясы</p>	<p>Жалпыға бірде айырбастау құралы болып табылатын ерекше тауар; ; Айналыс шығындары аз мөлшерде болуы керек, сондықтан қағаз ақшаның шығарылуын қолдады.</p>	<p>Тұрақты ақша айналымы; ақша жүйесінің үздік базасы-алтын; алтынды белгіленген бағам бойынша қағаз ақшаға айырбастау.</p>
<p>Мемлекеттің экономикалық саясаты</p>	<p>Мемлекеттің экономикаға мүлдем араласпау принципі</p>	

Жан Батист Сей (1767-1823) Жапонияда көпес отбасында дүниеге келген, Париж университетінің профессоры, Адам Смиттің идеясы танымал болған “Саяси экономия трактатының” авторы.

Ж.Сейдің ілімінде негізгі орында “Нарық заңы” болып табылады, өнімнің өнімге айырбасы автоматты түрде сату және сатып алу арасындағы тепе-теңдікке апарады.

Оның пікірі бойынша, құн үш түрлі факторлардан құралады: жер, (рента), еңбек (жалақы) және капитал (пайда). Ақша-бұл тек айырбас құралы. Сей “Бізге ақша емес, біз ақшаға сатып алатын өнім керек” дейді. Ақша-бұл айырбас кезінде өнімдердің құндылығын тасымалдаушы.

Томас Роберт Мальтус (1776-1834) помещиктің отбасында туған, ағылшындық экономист. «Ел халқы заңы туралы тәжірибе» (1798) жұмысында ең алғаш ел халқы теориясын құрған. Бұл теорияның негізгі мақсаты - қоғамның төменгі табының жағдайын жақсартуға жол ашу болып табылады. Бұл теорияны ашуға XIII ғасырда Англияда өлім саны азаюына байланысты, халықтың өсуінің артуы себепкер болды. Халық санының шектен тыс өсуін Мальтус жалақыны өзгерту арқылы шешті. Ол кедейлерді мемлекеттік қолдауға қарсы болды, себебі бұл еңбексүйгіш азаматтардан алынған салықпен оларды мағынасыз сыйлау деп есептеді.

Классикалық мектептің сіңірген еңбектері:

- 1.Зертеудің негізгі объектісі етіп айналымды емес, өндірісті алды.
- 2.Еңбектің қоғамдағы байлықтың көзі, барлық тауарлардың құндылықтардың өлшемі және негізі екендігін ашты.
- 3.Экономика нарық арқылы реттелетінін және корольдар да, үкімет те өзгерте алмайтын объективтік өз заңдары болатынын дәлелдеді.
- 4.Қоғамның барлық топтарының (кәсіпкерлер, жұмысшылар, жер иеленушілер, банкирлер, саудагерлер) табыс көзін ашты.

Джон Стюарт Милль (1806-1873) ағылшындық экономист, Еуропа экономистерінің бірнеше буын өкілдерінің оқулығы болған «Саяси экономика негіздерін» (1848) жазды. Кітапта ол сол кездегі озық идеяларды есепке ала отырып, А. Смиттің «Халықтар байлығының», Д.Рикардоның «Бастауының» жаңартылған түрін ұсынды.

Марксизм

ХІХ-ғасырдың ортасында А.Смит пен Д.Рикорданың ілімінің қисынды жалғасы ретінде марксизм пайда болды. Марксизмнің негізін қалаушы **Карл Маркс (1818-1863)** Трирде адвокаттың отбасында дүниеге келген. Берлин университетінің заң факультетін бітірген, философиялық ғылымдардың докторы ғылыми атағын иеленген. Лондонда қайтыс болып, сонда Хайгет зиратында жерленген. Оның ең үлкен еңбегі –Энгельс «жұмысшы табының библиясы» деп атаған, Марксты дүниежүзінің атақты үш экономисінің бірі қылған-«Капитал» еді. Капитал төрт томнан тұрады.

<p>«<u>Капиталдың</u>» <u>1-ші томы</u> 1867 жылы жарыққа шықты, ол «өндіріс және капитал процесі» деп аталады. Зерттеу қарапайымнан күрделіге ауысу әдісімен жүргізілген: Тауардан ақшаға, ақшадан капиталға және қосымша құнға, қосымша құннан жалақыға, капиталистік</p>	<p>«<u>Капиталдың</u>» <u>2-ші томы</u> 1885 жылы жарыққа шықты (Энгельс шығарған). «Капиталдың айналу процесі» деп аталады. Мұнда капиталдың айналым жасау, ұдайы өндіріс</p>	<p>«<u>Капиталдың</u>» <u>үшінші томын</u> 1894 жылы Энгельс басып шығартты. Ол «Толығымен алғандағы капиталистік өндіріс процесі» деп аталады. Бұл томда Маркстің өзгермелі формалары туралы ілімі дамытылған. Егер бірінші томда жалақы жұмыс күшінің бағасы мен</p>	<p>«<u>Капиталдың</u>» <u>төртінші томы</u> 1905-1910 ж. Каутский бастырып шығарған. Ол «Қосымша құн теориясы» деп аталады. Мұнда саяси-экономиканың</p>
---	--	--	--

<p>өндірістен капиталистік ұдайы өндіріске аурсады. Басында қоғамның кішкентай «бөлігі» - тауар қаралады, ал соңында бір жағында өсіп бара жатқан байлығы бар бір полюс пен кедейшілікке ұрынған келесі бір полюсінде бар қоғам толығымен қаралады.</p>	<p>процестері ндегі формалары қаралған.</p>	<p>құнға айналған түрі ретінде қарастырылса, 3-ші томда қосымша құн айналым (сауда) әсерінен қандай түрде пайдаға, пайызға және рентаға айналғанын түсіндіреді. Дәл осы үшінші томда жалпылай қанаудың емес, капиталистік форманың таптық мағынасы әлдеқайда ашық көрсетілген.</p>	<p>негізгі тармағының қосымша құн теориясының тарихын кең түрде сынаған.</p>
---	---	--	--

Маркс барлық жұмыстарында *өзінің зерттеуінің объектісі ретінде өндірістің капиталистік әдісі және оған сәйкескен өндіріс және айырбас қатынастарын санады. Ал түпкі мақсаты - капитализмнің экономикалық заңдарын ашу болды.* Маркстің ілімінің ең бастысы қосымша құн теориясы болды. Бұл теорияда қосымша құн пролетариатты қанау жолымен жетті (немесе қосымша құн –жұмысшының ақы төленбеген еңбегі) деді, ал оны капиталистердің иемденуі олардың байлығын молайтудың тұрақты көзі болды деп дәлелдеді.

А.Смит сияқты К.Маркс те нарықты капиталдың жинақталуының күшті құралы деп есептеді. Бірақ ол Смиттен өзгеше бұл процесс тап күресімен шиеленісуімен және капитализмнің жойылуымен бітеді деп ойлады. Өйткені ол

таптар қайшылықтары өте ширыққан, оларды нарықтық механизмнің жөндеуге шамасы жоқ деп есептеді. Бұл идея әлі күнге дейін талас тудырып келеді, себебі бұл сұрақтарға қарапайым жауаптар әлі табылған емес.

Марксті сынаушылар «Капитализм құлаған жоқ, жұмысшы табы қайыршылыққа ұшыраған жоқ, Маркстің болжамдары анықталған жоқ» деп дәлел келтіреді.

Маркстің жақтастары Маркстің айтқанының растағын, себебі ол зерттеген, құлап, күйреуі заңдылықтарың зерттеген капитализм баяғыда 30-шы жылдардың Ұлы дағдарысында құлаған, қазіргі нарықтық экономика – бұл Маркс «оң гуманизм» деп атаған қоғамға өтудегі жаңа кезеңнің басқа моделі деп дәлелдейді.

Маркстің экономикалық ілімі Россияда кең қанат жайды. Оны Плеханов, Ленин, Бакунин және «Капиталдың» орыс тіліне аудармасының бірінші бастамашысы Лопатиндер іліп әкетті.

70 жыл бойы марксистік экономикалық ілім ССРО-да жалғыз ғана билеуші ілім болды. Марксистік емес ойлардың барлығы дереу жоққа шығарылып отырды. Көзқарастар, ойлар тартысынан айырылғандықтан марксизм шындыққа монополия жүргізді. Сондықтан барлық монополиялар сияқты бұл монополия да тоқыраушылыққа ұрынды. Маркстің теориясы өркендеуден қалып, догмаға әкеліп соқты. Нәтижесінде марксизмнің өзін-өзі жекелеуі оның терең дағдарысқа ұшырауына алып келді.

Маркстің ғылыми жетістіктерін бағалай отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Маркстің экономикалық ілімі классикалық саяси экономияның шыңы болды.
2. Оның экономикалық ілімі неміс классикалық философиясы (Гегель, Фейербах), ағылшын классикалық саяси экономикасы (А.Смит, Рикардо), француз утопиялық (қиялшыл) социализмнің (Сен-Симон, Фурье) негізінде құрылған, ССРО-да 70 жыл бойы мемлекеттік идеология болды.

3. Оның қоғамдық- экономикалық формациялар және оларды ауыстыру себептері туралы ілімі адамзат тарихын логикалық жүйе түрінде қарауға мүмкіндік берді.
 4. Экономикалық ғылым тарихында алғаш рет капитализм жеке үзінділер түрінде емес, заңдар мен категориялардың біртұтас жүйесі ретінде зерттеліп, төмендегідей мүмкіндік берді:
 - еңбектің екіжақтылығын ашты (айқындалған және абстрактылы)
 - тауардың қайшылықтарын ашу (айырбастау және тұтыну құндарының арасындағы)
 - қосымша құн туралы ілімді өркендету
 - жалдамалы еңбек және капиталистік қанаудың мәнін ашу
 - орташа пайда, жалақы, рента және пайыз теориясын дамыту
 - ұдайы өндіріс және дағдарыстар теориясын жасау.
- Маркстен кейін саяси экономия үш негізгі: неоклассикалық, кейнсиандық және институционалды-социологиялық бағыттың шеңберінде өркендей бастады.

4 дәріс.

Экономист-романтик және социал –утопистердің экономикалық ілімі

1. С.Сисмондидің әлеуметтік –экономикалық көзқарасы
2. П.Прудонның экономикалық тұжырымдамасы
3. Утопиялық социализмнің сипаттамасы
4. Германия мектебінің тарихы

Экономикалық романтизм -ұсақ буржуазия мүддесін білдіретін экономикалық ойлардың бағыты. Пайда болу себебі - нәтижесінде ұсақ қолөнершілер мен шаруалардың күйреуі, сонымен қатар үлкен көлемде жұмыссыздар қатарының пайда болуына әкеп соқтырған -өнеркәсіп төңкерісі және буржуазиялық революция. Бұл бағыттың

өкілдері **Симонд де Сисмонди(1773-1842)** және **Пьер-Жозеф Прудон(1809-1865)** болды.

С.Сисмондидің негізгі еңбегі капитализмді сынаған «Саяси экономиканың жаңа бастаулары» болды. Ол саяси экономика ізгілікті ғылым, басты факторы ретінде –адам алынған деп санады. Кемшіліксіз экономикалық жүйе ретінде ол ұсақ тауар өндірісін санады. Оның жиынтық өнімді іске асыру процесіне көзқарасы классикалық мектеппен қарама-қайшы келді: оның ойынша артық өндіру дағдарысының себебі жинақтау процесінің болуынан. С.Сисмондидің дағдарыс теориясының әлжуаз тұсы оның өндірістік және жеке тұтынуды айырмағаны болды.

Бәсекелестік және жалдамалы еңбек адамгершіліктің қалыптасуының себебі болып табылады, мемлекет өндіріс процесі және байлықты ұсақ өндіріс мүддесіне бөлуде басшылық жасауға тиісті.

Англиядағы жұмысшы табының қайыршылық жағдайы А.Смиттің шәкірті ретінде жақтасы болған, бәсекелестіктің толықтай еркіндігіне деген өз көзқарасын қайта қарауға мәжбүр етті. Жұмысшы жалданғанда, ол ылғи тиімсіз жағдайда болады. Мұндай тәуелділік жұмысшыны ең төменгі деңгейдегі еңбекақы алуына әкеледі. Еңбекақының өсуіне жұмысшылар арасындағы бәсекелестік кедергі болады. Бұл оларды ұдайы мұқтаждыққа, ауру және көп өлім-жітімге әкеледі, бұл «көрінбейтін қолдар» қағидасының қайырымдылығына ұқсамайды.

Ол жұмысшы табының экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі реформалардың әлеуметтік бағдарламаларын әзірледі.

П.Прудон «Меншік деген не». Меншік –теңдіктің бұзылуының себебі. Осылай дей тұра ол меншікке қарсы болмады, оны тек меншікті теріс пайдалану фактілері наразылығын туғызды. Прудон әлеуметтік реформаның тәжірибелік (практикалық) бағдарламасын әзірледі. Реформаның мәні –акционерлік қоғам бастауында банк құру болды. Екінші империя жылдарында өз тұжырымдамасын

дамыта отырып, ол қоғамдық қарама-қайшылықтың шешімі-қоғамдағы әлеуметтік күштердің тепе-теңдігі деген тұжырым жасады. Прудон өз мұратының бірі ретінде-әйелдердің өндіріс жұмысынан және қоғамдық өмірге қатысудан бас тартуы деп білді.

Социализм – негізі ретінде теңдік (материалдық игілік, құқық және міндет көлемі) және меншік ортақтығы алынған теория. Социалистік ағым - қоғамның бақытты және әділетті өмір сүруіне жетуді мақсат қылды.

Утопиялық социализм – ХІХ ғасырдың басында пайда болған және қоғамдық қанаумен күресуге бағытталған ағым. Бұл ағымның бастаушылары **С.Симон, Фурье, Р.Оуэн** болды. Олар капиталистік жүйені өтпелі деп санап, сынға алды. Социалист-утопистер өндірісті, бөлуді және тұтынуды қайта ұйымдастыруды талап етті. Қоғамдық жүйені С.Симон –индустриализм, Фурье-үйлесім, Оуэн-коммунизм деп атады. Болашақ қоғамның теоретиктері жеке меншікті жою, ақыл-ой және күш еңбегінің арасындағы қарама-қайшылықты жою қажеттілігі арқылы әділ әлеуметтік жүйе құрылады деді. Олар саяси күрес және революцияға қарсы болды, өздері жобалаған қоғамды әлеуметтік әділдік идеясын тарату жолымен құруға болады деп ойлады. Бұл ағым үшін болжалды әдістің пайдаланылуы , яғни «не болушы еді, егер...» «егер осылай болған жағдайда, ...» және т.б. болжаулар тән. Социалист-утопистер өз идеяларын адамдарға хат жолдау жолымен таратты.

Клод Анри де Рувруа Сен-Симон(1760-1825) – бүкіл әлемдік тарих мәнін түсінуге тырысты. Ол адамзат дамуы тарихында үш кезеңнен (формация) өтеді деп болжады: құл иеленуші, феодалдық және өнеркәсіптік. Білімнің өсуі және шаруашылықтың жетілуінің өзара әсерінен кезеңнен кезеңге өту жүзеге асады,яғни, тарихи өрлеу болады. Болашақ ірі индустриялы өндірістікі және өнеркәсіп табыныкі (кәсіпкерлер, жұмысшылар, ғалымдар) болады деп санады. Ірі өнеркәсіп ғалымдар әзірлеген бірінғай жоспар бойынша бірінғай орталықтан басқарылады. Бәсекелестікті

қауымдастық ауыстырады. Барлығы еңбек етуге міндетті болады, ал әрқайсысының еңбегі: әркімнен-қабілеті бойынша, әркімге –ісі бойынша» қағидасы бойынша бағаланады. Алайда, мұндай әділетті қоғам құру үшін өмірдің тек материалдық жағдайын өзгерту жеткіліксіз, адамдарды рухани жағынан да қайта тәрбиелеу қажет.

С.Симонға қарағанда **Шарль Фурье(1772-1837)** саяси революция идеясын теріс деп санады, (пәлекорларды байыту үшін ғана ол байларды қанайды), бірақ барлық социалистер сияқты нарықты жек көрді. Жеке меншік оның ойынша бейберекеттік, бәсекелестік тудырады, байлықтың тең бөлінбеуіне және ресурстардың ысырап етілуіне әкеледі. Бәсекелестік арқылы сауда монополияға және сол арқылы «сауда феодализміне» әкеледі. Жұмысшыларды қанауды ол бәрінен бұрын оларды сатып алушылар ретінде алдаудан көрді. Меншік 1,2 мың адамнан құралған еңбек ұжымы бірге өмір сүретін, жұмыс істейтін, және дем алатын еңбек серіктестігі көлемінде жинақтап қорытылады. (Үлкен сарай-фаланстерларға орналасады) . Түскен табыс жартылай әрқайсысының еңбек ақыларына, жартылай қоғамдық тұтыну қорына түседі.Фурьеда мемлекеттің ролі мүлдем аз болды, сондықтан оны бейберекеттікке жол салушы деп атаған. Фурье мен С.Симон «Утопиясы» таза ойша ғана болды, және ешнәрсә жасамай ақ, оларды жүзеге асыру кезеңі туралы түпсіз талас жүргізуге болды.

Үшінші ұлы утопист **Роберт Оуэн(1771-1858)** таласты таза тәжірибеге алмастыруға тырысты. Оуэн қоғамның негізгі жауы –баршаға зиян жекеменшік деп білді. Жеке меншікті қоғамдық меншік, жалпы еңбек, құқық және еңбектегі теңдік ауыстыруы керек деді. Ақша қанау құралы ретінде жойылуы тиіс.

1800 жылы ол Нью-Ленаркедағы орташа есу-тоқыма кәсіпорынның ортақ иеленушісі және менеджері болды. Екі жылдан соң кәсіпорын тұрақты пайда келтіре бастады, ал жұмысшылары біртіндеп тазалыққа, тәртіпке және ұйымдастырушылыққа мәжбүрлене бастады. Бір уақытта

балалар бақшасы, мектептер, кітапханалы мәдениет орталығы, санитарлық бақылау қызметі, әлеуметтік қамтамасыз ету және сақтандыру, тұтыну кооперациялары ашылды. Тәртіп сақтау бойынша халық дружиналары жұмыс істеді. Қылмыстық жазалаулар қолданылмады.

Ғылыми тұрғыдан қарағанда С.Симон , Фурье, Оуэннің көзқарастары экономикалық ғылымның шетінде тұрды. Олар сол уақыттағы қоғамдық құрылымның терең сынының элементтері және болашақтағы қоғамдық даму бағыты туралы бірқатар қызықты болжамнан тұрды, бірақ тұтастай алғанда салмақты теориялық негіздемелері болмады. Бұл кемшіліктің орнын Маркс толтырмақшы болды, оның өз ойы бойынша алдындағылар жасаған утопиялық социализмді ғылыми социализмге айналдыра алды.

Тарихи мектеп- ол өкілдері саяси экономияны ұлттық шаруашылық туралы ғылым ретінде қараған, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы экономикалық ойлардың бағыты. Бұл неоклассикалық бағытқа қарсы бағыт болды.

«Көне тарихи мектеп»

Ф.Лист (1789-1846)	В.Рошер (1817-1894)
<p>-Әр елге өзінің ұлттық саяси экономиясы тән.</p> <p>-ұлттық саяси экономияның міндеті – халықтың өндірістік күштерін дамыту үшін қолайлы жағдайларды анықтау</p> <p>-өндірістің дамуын үш кезеңге бөлді: жер игерушілік, жеригерушілік-өндірістік, өндірістік.</p> <p>-Протекционизм мемлекеттік саясатын жақтаушы</p> <p>-Әлемдік нарықта бәсекелестікке сәйкес емес экономикалық салаларды дамытуға қажеттілік</p>	<p>- саяси экономия-әлеуметтік шаруашылық туралы ғылым</p> <p>- оны зерттеу үшін өмірдің тіл, ұлт, дін құқық, мемлекет шаруашылық сияқты жақтарын білу керек.</p> <p>- Қоғамның дәстүрі мен әдет-ғұрпына сүйене отырып, адам әділдікке ұмтылады.</p>

«Жас» тарихи мектеп

Л.Брентано (1844-1931)	Э.Дюркгейм (1858-1917)	В.Зомбарт (1863-1941)	М.Вебер (1864-1920)
<p>-экон. құбылыс ұлттың дәстүрлері және құқықтық негіздерімен реттеледі: -әділдік құқық пен дәстүрден тұрады; -адам психикасы күрделі болғандықтан, экономиканың математикалық зерттеулерін мойындамады.</p>	<p>Сіңірген еңбек қоғамның ынтымақтастығының өсуін және қызметін саралау жағдайын құрудан тұратын еңбекті бөлудің әлеуметтік қызметін анықтады.</p>	<p>Капиталистік шаруашылық жөн-жосық Батыс Еуропада пайда болды, өйткені оның тұрғындарының ерекшелігі кәсіпкерлік пайдаға бату ынтазарлығына ұштастыруы болып табылады деп есептеді.</p>	<p>Капитализм-шығынды өндіріс нәтижесімен салыстырудағы шаруашылық есеп; Экономикалық адамға еңбек сүйгіштік, адалдық, қарапайымдылық тән. Қоғамның экономикалық ұйымы дін арасында байланыс бар.</p>

**№ 5 дәріс
МАРЖИНАЛИЗМ**

1. Маржинализм ерекшеліктері.
2. Маржинализмнің даму кезеңдері
3. Австриялық мектеп. Пайдалылық шегі теориясы.
4. Американдық мектептің өкілі Дж.Кларк.

Маржинализм (marginale-қосымша) XIX -ғасырдың аяғындағы экономикалық теория бағыты. Экономикалық процесстер мен ірілік шегі заңдарын талдауда кеңінен пайдаланылады.

Атқарған қызметі:

- ұсыныс пен сұранысты бірігіп зерттеудің негіздемесі;
- базасы пайдалылық шегімен қатар, ірілік шегі де болып табылатын құнның екі шамалық теориясын дәл жеткізу;
- микродеңгейде экономиканың тепе-теңдік жағдайына жету үшін олар математикалық модельдеу үрдісін қолданады.

Маржиналдык революция классикалық экономикалық мектептің тұжырымдамасымен тапсыз теориясына (маржинализм) өту.

Кезеңдері

Бірінші(XIX ғасырдың 70-80 жылдары)саяси экономиканың тауардың ірілік теориясы соңынан «субъективтік бағыт» деген атаумен шыққан. Оның негізін қалаушылар **Уильям Стенли Джевонс(1835-1882)**-математика мектебінің негізін қалаушы.

Карл Менгер(1840-1921)- австрия мектебінің негізін қалаушы.

Леон Вальрас(1834-1910)- Лозанн мектебінің негізін қалаушы.

Екінші кезең (XIX ғасырдың 90 жылдары) саяси экономиканың субъективті бағытынан» бас тарту және заттың пайдалылығын бағалаудың психологиялық аспектісін жоққа шығару. Өкілдері: **Альфред Маршалл (1842-1924)** Кембридж университетінің саяси экономика профессоры. Кембридж мектебінің негізін қалаушы.

Джон Бейс Кларк (1847-1938) Колумбия университетінің профессоры, маржинализмнің америка мектебінің өкілі.

Неоклассикалық(классыз) деген атау алған жаңа теорияның орталығында өзінің табысын көбейтетін жеке фирма және тұтыну ігілігін сатып алуда өзінің пайдалылығын барынша

көбейтетін жекелеген тұтынушы тұрды, яғни экономикалық теория пәнін қайта қарау басталды.

Экономикалық теорияның классикалық дамуы экономикалық құрылымның жалпы статистикалық тепе-теңдік тұжырым-дамасымен алмастырылады. Алайда, Менгер, Дживонс және Вальрас өздерінен бұрын аса атақты болмаса да, тамаша адамдар: Курно, Госсен, Тюнен сияқтылар болды.

Антуан Курно (1801-1877) Париж университетінің математика докторы. Ықтималдық теориясы бойынша кәсіби зерттеулерін терең қызығушылықпен экономика мәселелеріне біріктірген. 1838 жылы оның «Байлық теориясының математикалық негізі» деген жұмысы шыққан. Курноны жалпы экономиканы жүргізу емес, жекелеген фирмалардың жұмыс жүргізуі қызықтырған. Оның құрған экономикалық моделінде бағаны тұтынушы шығарып, ал сатушы сұранысқа баға ұсынысын бейімдеген. Кейін Маршалл қайта ашқан бағадан теріс тәуелді сұраныс функциясын құрып «сұраныстың икемділігі» туралы маңызды түсінік енгізді.

Сұраныс икемділігі аз болған сайын бағаның өзгеруіне жауап ретінде сұраныс шегі де аз өзгереді.

Аса қажетті тауарлардың (тамақ пен киім) баға бейімділігі өте төмен болып келеді.

Иоганн Генрих фон Тюнен (1783-1850) .Өзінің «Мемлекетті оқшаулау» атты кітабында еңбек пен капиталға тәуелді өндірістік функция түсінігін енгізді. Оның ойынша таза кіріс шекті құндылықтың берілуінің әрбір факторы шексіз шығынға тең болғанда мүмкін болады. Экономикалық ойлау тарихында ол экономикалық іс-әрекет кеңістігінің мінездемесін жүйелі оқытуды қолға алды. Өз өмірінің мсоңында ол Еуропада жұмысшы табының кедейшілігі мен төмен еңбек ақысы Еуропа елдерінде жердің аздығына байланысты деген шешімге келді. Ал Америка алыс «орналасуынан» жерінің көп бөлігі бос болғандықтан кедейшілікке аз ұшыраған.

Герман Генрих Госсен (1810-1858) жылы Адамдар қарым-қатынасының даму заңы» атты кітабында бірқатар

зандылықтар қалыптастырды. Кейін бұл заңдылықтар өзінің атымен аталды.

Госсеннің 1 заңы: Осы игіліктің қажеттілігі оның тұтыну шамасы көбейген сайын кемиді. Толық қанағаттану нүктесінде ол нөлге тең.

Госсеннің 2 заңы: Егер игілік қоры адамды толық қанағаттандыра алмаса, онда әрбір игілік түрінің өсуінен бірдей рақаттанса ғана ең жоғарғы жиынтық қанағаттанарлыққа қол жеткізеді (яғни әрбір игіліктің пайдалылық шегі тең болғанда). Нәтижесінде шексіз қалыпты орнын басу теңдігі принципі пайда болады: онда бір нәрсенің орның басуға бола ма, болған жағдайда «тиімді болу» принципінен ауытқушылық болса басқа әдісті тандап алу шығынына тең болады. Бұл принцип неоклассикалық теория бойынша кең таралған.

Маржинализмнің Австрия мектебі- ең көне неоклассикалық бағыт. Бұл мектептің жағымсыз жағы-теория мен тәжірибеде байланыс жоқ.

Карл Менгер(1840-1921). -экономикалық талдауды-экономикалық маржинализммен шекті аппарат түсінігін байланыстыратын Австрия мектебінің негізін қалаушы.

Экономиканы жүргізудің басты нүктесі адамның өмір сүруге қажет тұтынушылығы болып табылады(қанағаттанбаған тілек пен алға ұмтылушылық).

Бізді тұтынушы ретінде қанағаттандыратын заттар мен іс-әрекеттер игілік деп аталады. Бізге қажетті игілік-тұтынушылық(тәртіп).

Екінші және одан жоғарғы реттегі игілік- ол тұтынушы игілігі өндірісі үшін пайдаланылатын игіліктер. Сол себепті пайдаланылған тұтынушы игілігін өндірістік ресурс дайындауға баратын құндылыққа бөлген. Бұл Австрия мектебінің жүктеу(міндетін арту) теориясын құрайды. Пайдалылық- бұл адамдар ұсыныс көлемі мен тұтынушылық дәрежесінің қанағаттанғанының қарым-қатынасына байланысты игілігіне жатқызады. Осы игіліктің әрбір қосымша бірлігі бұдан әрі өте аз құндылыққа ие болады.

Алмастыруға ұмтылушылық бір субъектіде бар, тек оған басқаға қарағанда қажеттілігі аз, ал керісінше ол субъектіде оған қажетті тауар болған кезде туындайды. Сол себепті Аристотель мен Маркс ойлағандай айырбас пропорциясы олардың пайдалылық шегінің қарым-қатынасымен анықталады.

Уильям Стенли Джевонс(1835-1882)- англиялық экономист. 1871 жылы «Саяси экономия теориясы» кітабы жарық көрді. Ол кейін өз атымен аталған теориясын ойлап шығарды.

Сатып алынған тауардың пайдалылық дәрежесі тиімді тұтынылса, онда бағасы пропорциялы болады.

Еңбек игіліктің айырбас пропорциясына жанама әсер етеді: осы игіліктің санын көбейтуге жіберілген еңбектің өсуі оның пайдалылық шегін азайтады.

Жалпы экономикалық теорияның синонимі ретінде «саяси экономия» терминінен бас тарту да Джевонстың атымен байланыстырылады. Оның соңғы аяқталмаған еңбегі «Economics» деп аталады. Осыдан кейін бұл термин жалпы экономикалық теорияның атауы ретінде пайдаланады.

Ойген фон Бем-Баверк(1851-1914). «Шаруашылық игілігінің құндылығы теориясының негізі» (1886) кітабында негізінен Австрия мектебі идеясы айтылған, сондай-ақ капитал теориясы да айтылады.

Құндылық- бұл өлшемі субъектісі мен жағдайға тәуелді субъективтік пайдалылық. Құдықтың жанындағы 1 стакан су мен шөлдегі 1 стакан судың құндылығы әртүрлі. Бем-Баверктің игіліктің соңғы бірлігі әкелетін ең төменгі аса маңызды қажеттілікті қанағаттандыратын пайдамен сәйкес келгенде игіліктің төмен пайдалылығы деп атаған.

Мысалы: Дуананың көктемге дейін күнін көретін 5 қап астығы бар: 1 қап оған аштан өлмеуі үшін қажет, 2 қап ауырмау үшін, үшінші ет үшін асырап отырған құстың тамағы, төртінші- арак дайындау үшін, ал бесінші сөйлегені жанға жағымды, сүйкімді тоты құсқа тамақ. 1 қап астықтың субъективтік құндылығы неге тең. 1 қаптың пайдалылық шегі- соңғы бесінші қаптың пайдалылығына тең.

Қандай да болмасын игіліктің пайдалылық шегі- аса маңызды емес қажеттілікті қанағаттандыратын осы игіліктің соңғы бірлігі әкеледі. Егер дуананың тек қана 1 қап астығы болғанда, онда оның пайдалылығы шексіз болушы еді, өйткені содан оның кейінгі өмірі тәуелді.

Инжу мен алмаз аз, сондықтан оның пайдалылық шегі орасан, астық пен нан көп, сондықтан оның пайдалылық шегі аз. Жоғалған пальтоның пайдалылық шегі қандай? Ол жаңа пальто сатып алу үшін жіберілген тұтыну заттарының пайдалылық шегімен анықталады.

Айырбас түсінігі- экономикалық айырбас егер сатып алушы нәрсені(затты) жоғары бағаласа, ол сатушы нәрсені бірінші заттың бағасынан төмендеткенде мүмкін болады. Бағалау айырмашылығы жоғары болған сайын, мәміле бағасы жоғары болады. А өзінің атын 50 руб. бағалады, ал өзіне керек шараптың шелегін 10 руб. бағалады. В өзінің атын 100руб. бағалады, ал өзіне керек шараптың шелегін 5 руб. бағалады. Бұдан А В- ға қарағанда тез мәмілеге келетіні түсінікті. А-да айырбас мүмкіндігі жоғары.

Пайда тұжырымы. Пайда –шығын алынғаннан кейінгі түсім. Бірақ шығынға нелер жатады? Егер кәсіпкер өзі басқарушы міндетін атқарса, ол менеджердің еңбек ақысын үнемдейді. Субъективті түрде ол сәйкес соманы пайдаға қосуға дайын, бірақ бұл балама шығын. Мынадай жағдай, ол өзінің ғимаратына аренда төлемейді, бұл балама шығын болса да ол оны субъективті төлем шамасын пайдаға қосады.

Егер барлық балама шығынның шамасын толық есепке алынса, соңында капитал пайызын аламыз(егер капиталды ақшаға айналдырып, қарызға бергеннен түсетін пайыз).

Қорытынды:

1. Өзінің табиғаты бойынша капитал пайдасы пайызы болып табылады.
2. Тепе-теңдік жағдайында капиталдың пайызы балама шығынға жататындықтан капиталдың пайдасы нөлге тең. Маркстың үстеме құн теориясына Бем-Баверк осы және келер

уақыт арасындағы айырмашылық нәтижесінде алынған капитал пайызын, пайда тұжырымын қарсы қояды.

Қазіргі игілік алда болатын игіліктен әрқашан жоғары бағаланады. Ақша саласында бұл пайыз туындайды.

Фридрих фон Визер(1851-1926). Пайдалылық шегі, сондай-ақ балама шығын терминдерін енгізді.


Берілген өнімнің өндіріс шығыны оны өндіруге жіберілген балама мүмкіндікке тәуелді.

Балама шығынның негізінде Визер заңы қалыптасады: Қандай да болмасын заттың осы заттың өніміне жіберілген қазіргі пайдалылығынан басқа заттардың қорлардың көмегімен өндірілетін алынбаған пайдалылығы бар. Сондай-ақ Визердің атымен кардиналистік (сандық) пайдалылық өлшемінен ординалистік (реттік) өлшемге өту байланысты.

Визерден соң әлдеқайда әлсіз ординалистік пайдалылық өлшеміне өту маржиналистер арасында кең тарады.

Өндіріс факторының шексіз өндірісін талдауға шешуші үлес қосқан американдық экономист **Джон Бейс Кларк(1847-1938).**

Ол өндірістің 4 факторын бөліп шығарды:



Еңбек пен капиталға көму өнімділігі заңының орны бар. Қазіргі капитал өндірісіне жіберілген әрбір еңбек осы еңбек кезіндегі жұмсалған капиталға тең болып, алдында салынған салыммен салыстырғанда өнімділіктің құлдырыуына ілесіп жүреді.

Әрбір фактор осы фактордың иесіне табыс әкеледі(пайыз, рента, кәсіпкерлік пайда, еңбек ақы). Капиталистің табысы

капиталдың пайдалылық шегіне, ал еңбекақы еңбек өнімділігінің шегіне тең.

Елдің ұлттық табысы еңбекке сыйақы және капиталдың пропорциясы(3:1) қызмет көрсетуіне бөлінеді. Бұл Мальтус пен Рикардоның жұмысшының «табиғи» еңбек ақысы оның өмір сүруіне қажетті құралдардың құнымен және Маркстің капиталистік жұмысшы табын қанауы туралы тезистерімен анықталады.

Дж.Кларк статистикалық және динамикалық тепе-теңдікті айырды.

Бұл тақырыпты қортындыласақ біз қараған көзқараста экономика ғылымының неоклассикалық тұжырымдамасының бірқатар бөлігі қамтылды. Бұл тұжырымдама тепе-теңдікті анықтау үшін(маржинализм) классикалық жіктелуден тек қана шекті түсініктің жүйелі пайдалануымен ғана ерекшелеуге болады(өнім шегі, өнімділік шегі, шығын шегі және т.б.)

Бұл тақырыпты түсіну үшін максимизацияға негізделген пайдалылықтың жалпы тепе-теңдігінің жеке функциясы жетпейді.

Бұл тақырыпты келесі лекцияда қараймыз.

Дәріс 6.

Неоклассикалық экономикалық мектеп.

1. Кембридж мектебі. А. Маршалдың экономикалық оқуы.
2. Лозанн мектебі. Л. Вальрас және В. Паретто.

Альфред Маршалл (1842-1924) ағылшын экономисі; экономикалық теорияның неоклассикалық бағыттын қалыптастыруға үлесін қосқан, Кембридж мектебінің негізін қалаушы. Оның экономикалық теориясында классикалық экономикалық ғылым (Смит, Рикардо, Милль және маржикалистық революция (Менгерден Вальрасқа дейін) табиғи байланысты. Маршалдың еңбегінің нәтижесінде Австрия мектебі бастаған экономикалық теория пәнінің өзгеруі аяқталды және оның бірыңғай экономикалық теория жиынтығын құрайтын еconomics дербес екі объектіге макроэкономика және микроэкономикаға бөлінді. Оның "Саяси экономия

принциптері" (1980) оқулығы Милльдің "Негіздерінің" орнын басты және қазір де қызығушылықпен да оқылып жүр.

Маршалл экономиканың қозғаушы күші экономикалық еркіндік және бәсекелестік деп саналады. Осылардан кейін экономиканың негізгі факторы ақша, өйткені "ол кең көлемде адам қызметінің дәлелін өлшеуге жарамды жалғыз құрал ретінде қызмет атқарады", сондай-ақ құнның әмбебап өлшеуіші.

Игілік материалдық (мысалы: зат, иелікке құқылық және пайда табу) және материалдық емес (іскерлік мүмкіндік, шеберлік, іскерлік байланыс, қолайлы климаттық жағдайы) болып екіге бөлінеді.

Сұраныс пен ұсыныс. Маршалл сұраныс пен ұсынысты теңестіріп "бағаның тең салмақтылығы" арқылы нарықтық экономикада өтетін процестердің көбін талдауға бірыңғайға келуді жүзеге асырады.

Маршалл пайдалылық шегі теңдігі заңынан бастау алатын пайдалылық қызметінен сұраныстың қисық сызығын шығарған бірінші экономист:

$$MU_x/P_x = MU_y/P_y = \dots MUE$$

Мында MU_x - тауардың шекті пайдалылығы. P_x - осы тауардың бағасы. MUE - ақшаның шекті пайдалылығы.

Егер графикалық түрде көрсететін болсақ, жиынтық сұраныстың DD ғы төмендеген қисық сызығының және жиынтық ұсыныстық SS жоғары көтерілген қисық сызығының қиылысында Маршалл "кресі" шығады.

Кему (азайу) заңының қисық сызығы тұтынышы үшін берілген тауардың шекті пайдалылығын көрсетеді.

Олардың қилысу нүктесі сатып алушы сатып алатын, ал сатушы сатқысы келген бағамен тепе-тең бағамен және тауардың санымен анықталады.

Осыған байланысты Маршалл кезінде қысқа мерзімді және ұзақ тепе-теңдікті айыруды ұсынды. Лезде тепе-теңдігі кезінде ұсыныс өзгермейді. Қысқа мерзімді тепе-теңдік сол қуаттағы өскен сұранысты қанағаттандыру үшін ұсынысты көбейтуге мүмкіндік береді.

Капиталға материалдық емес игіліктер жатады: іскерлік

мүмкіндік және кәсіби шеберлік, кәсіпкерлік іскерлік байланыстарымен және тұлға ретінде оған сенімділік.

Сондай-ақ капиталдық басты бөлігін білім мен ұйымдастыру құрайды. Сондықтан Маршалл адамдық капитал туралы айтуды мүмкін деп санайды. "Капиталдық басқа барлық түрлері сияқты, өндіріс құралы ретінде адамның мүмкіндіктері де аса маңызды". Осыған сәйкес Маршалл кәсіпкерлікке аса маңызды мән берген. Кәсіпкерлер екі категорияға бөлінеді: шаруашылық жүргізудің жаңа және жақса әдістерін ашқандар және даңғыл, тапталған жолмен жүргендер. Екіншілер жақсы пайда табады, ал біріншілер одан көп пайда алуы мүмкін. Маршалл жаңалық ашқан кәсіпкердің пайдасын квазирента(жерсіз рента) ретінде қарайды.

"Көбеюдің қайтарып беру" заңы бойынша, капитал мен шығынның көлемінің өсуі еңбек пен капиталды пайдалану тиімдігін көтеретін, өндірісті ұйымдастыруды жетілдіруге әкеледі." Өндірісті жетілдіру шамасы бойынша пайданың көзі экономикалық іс-әрекеттің институтционалдық құрылымы "ұйым" болып табылады. Мысал ретінде ол Англияны келтіреді. "Англия ХІХ Ғасырда өзінің өнеркәсібін жетілдіруден пайданың 4-тен 3-ін алды, тауар мен адам тасымалдау, су мен жарық, электроэнергия және ақпарат құралдарының құнының төмендеуіне жанама міндетті.

Біздің ғасырдың басты экономикалық жаңалығы өндірісті кәсіпорындардың емес, көлік саласының дамуы болып табылады.

Осындай негіздер экономикалық өсу біртіндеп еңбек ақының айырмашылығын, табыстың біркелкілігін және жұмыспен қамту тұрақсыздығының деңгейін қысқартады.

Орнын баса тұру принципі. Бұл принцип үлкен және кішіге бөлінген жиынтық капиталдық қарым-қатынас орнатады. "Ірі кәсіпкер өзінің еңбегінің аз бөлігін және жалдамалылар еңбегінің үлкен үлесін ұсақ кәсіпкердің еңбегімен орнын бастырады. Ұсақ кәсіпкерлер өздерінің шеберханаларының жақын орналасуынан көп үнемге қол жеткізеді. Олар бухгалтерлік операциялар мен орасан көп бақылау жүйесінен

көп үнемдеді. Ірі кәсіпкер өндіріс көлемінен үнемдейді. Нәтижесінде олардың өзара басымдылығы бірін-бірі біркелкі ұстайды.

Еңбекақы. Маршалл кәсіпкерлер еңбек ақыны төмендетуге мүдделі деген қарапайым ұғымға қарсы болды "өйткені ол білікті жұмысшыларды басқа нарыққа кетуіне себеп болады". Сонымен қатар, Маршалл кәсіподақ ортасында қалыптасқан еңбекақыны үнемі еңбек ұсынуды шектеу тәсілімен көтеруді дұрыс емес деп есептеді. Маршалл жиынтық табыстағы капиталдық үлесі мен еңбектің үлесін ауысу динамикасын зерттеуге ұмтылды. Сондай-ақ уақытты жұмыс және бос уақытқа бөлу аса маңызды өзгеріске әкелетінін Маршалл түсінді. Жұмыс уақытының салыстырма шамасының маңыздылығының құлауын ол қырағылықпен қоршаған әлемде өзгерістер қарқынының және шығармашылық еңбектің рөлінің көтерілуімен байланыстырады.

"Еңбекте толық нәтиже беру үшін 3 нәрсе қажет: еркіндік, үміт және өзгеріс". Классикалық саяси экономия теориясы Маршалл еңбектерінің аяқталған түрін қабылдады; оның бұдан әрі дамуы неоклассикалық парадигмаға (жіктелуге) өту жолында ғана мүмкін болады.

Маршаллдың өзі экономикалық теорияның бұл бағытының дамуына көп үлес қосты. Мәні бойынша Маршалл тек қана классикалық мектептің соңғы ұлы өкілі емес, сондай-ақ "шекті" түсінігін қайта жасаушылардың бірі.

АРТУР ПИГУ (1877-1959) - ағылшын экономисі, Маршаллдың сүйікті оқушысы. Өзінен бұрын Маршалл басшылық жасаған Кембридж университетінің саяси экономия кафедрасын 35 жыл бойы басқарды. "Молшылықтың экономикалық теориясы" (1924) кітабында ол "көптеген адамдар үшін көптеген игілік" принципін дамытты. Молшылыққа жету үшін өндірістік энергия мен капитал жинауға кері әсер етсе де табысты бірдей бөлу керек. Табыс пайдалылықтың кему принципі ісәрекетіне бейімделген. Сондықтан ол мемлекеттің белсенді салық саясаты арқылы табысты орынды қайта бөлу идеясын ұсынады. "Ең аз зардап жиынтығы" принципін

пайдаланып Пигу салық жүйесінің прогрессивтік қажеттілігін негіздуге ұмтылады (салық салу мөлшері табыс мөлшерінің көбейуіне байланысты өседі), мұрагерлікке елеулі салық енгізу Пигудің ойынша жеке және қоғамдық мүдде арасында айырмашылық тұғызатын және нарық механизмінің мүлтіксіздігін бұзатын әртүрлі себептер бар. Оның бірі- монополияның шығуы. Монополияның шығуы бағаның көтерілуі мен инвестицияның төмендеуіне болашақта ұлттық табыстық (ұлттық дивиденд) төмендеуіне әкеп соғады. Бұл мемлекеттің экономикалық өмірге араласуын ақтайды.

Мемлекеттің экономикаға қатысуының 2 формасы бар: тура және жанама. Жанама қатысу тек қана салық пен жәрдем қаражаты пайдаланылады. Тура қатысуына баға мен шығару көлеміне мемлекеттік бақылау кіреді. Пигудің ойынша жиынтық табыстық өсу қарқыны оқтын-оқтын өзгеруінен және жұмыспен қамтылу деңгейінен болады, сондықтан ол жұмыспен қамтылуға (жұмыссыздыққа) басты назар аударады.

Жұмыспен қамтылу еңбекке нақты сұраныспен нақты еңбекақыға байланысты. Ішкі себептермен пайда болған нарық механизмі күшті дағдарыс жағдайында жұмыспен қамтуды көбейтуге нақты табыстық өсуі номиналдық еңбек ақы бағаның түсуіне қарағанда ақырын қысқарады (Пигу эффектісі). Бұл жағдайда сұраныс пен шығару жиынтығын өсіріп нақты еңбек ақы өседі (сонымен қатар жұмыспен қамтылу).

Леон Вальрас (1834-1910) Швецариялық экономист, математикалық мектептің бұтағы болып табылатын Лозанн мектебінің негізін салушы. "Төменнен" құрылған жалпы тепе-тендік теориясының авторы (жекелеген өндірушілер мен жекелеген тұтынушылардың мінез-құлқын есепке ала отырып) оның негізгі еңбегі "Таза саяси экономия элементтері" (1874). Вальрос құнның еңбек теориясын қате деп санады және барлық экономикалық субъектілерді екі топқа бөлді: өндіріс қызмет етуінің иелері (жер, еңбек және капитал) және кәсіпкерлер. Оның пікірінше мемлекет ақшаның тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, барлығының білім алуына жағдай жасауға жұмысшыларды әлеуметтік қорғауға,

тиімді бәсекелестікке жағдай жасауға және барлығына бірдей мүмкіндіктер теңдігіне кепіл болуы керек. Жер мемлекет мүлкі болуы керек. Бұл мемлекетке рента арқылы қажетті қаржы әкеледі.

Алайда Вальростың шығармашылығының бастысы микроэкономикалық тепе-теңдіктің теориясын құру болып табылады. Тепе-теңдік "өндіріс қызметіне тиімді сұраныс пен ұсыныс тең болған", өнім нарығында үнемі тұрақты баға болғанда және өнімнің сату бағасы өндіріс қызметі түріндегі шығынға тең болғандағы жағдайдағы күй.

Жоғарыдағы екі талап айырбас тепе-теңдігіне, ал үшінші өндіріс тепе-теңдігіне жатады.

"Нарықта бірінші сұраныстан баға анықталып, содан кейін осының негізінде тұтынушылар мен фирмалар сатып алудың орташа көлемін шығарды немесе тұтынушылар мен фирмалар бірінші қанша сатып алу керектігін шешеді, содан кейін бұл шешім сұраныстың нарықтық бағасын қалыптастырады" деген өзіне дейінгі дауға Вальрос өнімге бағамен факторлар барлық нарықтық өзара байланысынан біруақытта анықталады деген ұсыныс жасады. Осы ұсыныс арқылы ол шекті пайдашылдыққа негізделген жалпы экономикалық тепе-теңдіктің тұйық моделін жасаған.

Бұл модельде өндіріс пен тұтыну-тұтыну тауарларының және өндірістік қызмет нарығы арқылы байланысты. Бұл жүйеде тепе-теңдік бар. Вальрос бірқатар таңдау жүйесі бар сұраныс пен ұсынысты таңдау негізінде экономикалық тепе-теңдіктің жалпы модельде өңдеп шығарды.

Нарық, өндірістік қызмет және тұтыну затының тепе-теңдігін анықтайтын жүйенің ерекше орны бар. Өндірістік қызмет нарығында сатушы өндіріс факторының меншігі, ал сатып алушы тұтыну тауарларының өндірушісі болып табылады. Зат тұтыну нарығында меншік иелері мен өндірушілердің рөлдері ауысады.

Вальрас теориясы - бұл экономикалық статика теориясы. Ол уақытты, сенімсіздік пен белгісіздікті, жаңадан енгізуді,

экономикалық өсу мен циклдың тербелуді, толық қамтылмауды білмейді. Бірақ ол өзіне қажет негіз экономикалық іске асатын терең модельдерге ауысуға мүмкіндік туғызады. Л. Вальростың теоретикалық жетістектері Нобель сыйлығының лауреаты, америка экономисі В. Леонтьевтің "шығын-шығару" моделінің негіздерінің бірі болған.

Вильфредо Паретто (1848-1923) Италияндық экономист, Лозанн университетінің саяси экономия кафедрасында Вальростың ізін басушы. Паретто құндылықтарының мәселелерін зерттеу барысында ол Австрия мектебінің үрдісінен шығып, экономиканың статистикалық тепе-теңдігінің соңғы күйін шектейді. "Құндылық себебі пайдалылық шегі, адамдардың тұтынуы, еңбек немесе жігер емес, ол тұтынушылық пен кедергі соқтығысқанда туындайды. Тауардың айырбас құндылығының мәні экономикалық тепе-теңдіктің белгісіз теңеуі және бұл тек қана басқа да белгісіз мәселелермен анықталады. Паретто құндылығы түсінігінің орнына сандық емес реттік мәні бар "артық көру" түсінігін енгізді.

Пайдалылықтың маңызына қарай тізу сәйкес игіліктерді артық көру тәртібіне әкеледі. Бұның ішінде жеке игілікті емес, тек қана оның жиынтығын артық көреді. Артық көрумен Парето игілік жиынтығын сипаттау үшін, ағылшын экономисі **Ф. Эджуорт (1845-1926)** "парықсыздық немесе талғаусыздық қисық сызығының үш өлшемді (ұзындық, кеңдік, биіктік) кеңістіктегі қиылысы бір артықшылықтан келесі артықшылыққа өту жолдарын көрсететін талғаусыздық бетімен ауыстырылады. Бұл жаңа оптимум түсінігінің енгізілуін дайындады (Паретто оптимумы). Бұл күй кезінде айырбасқа қатысушылардың бірінің жағдайын жақсарту қалғандарының біреуінің жағдайының төмендеуінсіз мүмкін болмайды. Экономика Паретто оптимумына жеткенде, онда қандай да болмасын маңызды көрсеткіш тек қана терең құрымылдық өзгеріс арқылы мүмкін болады.

Экономикада осындай құрымылдық өзгерістердің негізгі мақсаты қандай? Бұл сұраққа табысты бөлуді өзгерту туралы Пареттоның заңы жауап береді: "ең аз табыстың деңгейін көтеру

немесе табыстың жарылуын азайту үшін халық санымен салыстырғанда байлықты тез көбейтуді қамтамасыз ету қажет. Сондықтан халықтың ең кедей тұратын бөлігінің тұрмыс жағдайын көтеру проблемасы байлық құру проблемасы болып табылады". Бұл заңның әрекетінің нәтижесі нарық экономикасы дамуымен әлеуметтік негізді құрайтын ішкі себептермен пайда болған орта класс (тап) болып табылады.

Парето бойынша оптимум түсінігі және жетілген бәсекелестік өзара байланысты. Жетілген бәсекелестік ұзақ уақыт тепе-тең болса ресурстардың оптималдық бөлуін құрайды және осыған керісінше ресурстың әрбір оптималдық бөлінуі жетілген бәсекелестіктің ұзақ уақыт тепе-теңдігін ұсынады.

Сонымен жетілген бәсекелестік бағаға бақылаудың жақтығы және барлық сатылатын тауарлар мен қызметтің біркелкілігі, сонымен қатар салаға кіру және одан шығудың толық еркіндігі. Әрбір экономикалық субъектіге қолайлы, пайда табуға маңызды ақпарат алуға тиіс.

Алайда экономика дамығанда бұл жағдайлардың орындалмайтындығынан, экономикалық теория сонында нақты және аз "жетілген" ұсыныс жасауға тиіс.

Кнут Виксель (1815-1926) - аса көрнекті швед экономисі. Басында ол физика мен математиканы зерттеді, Австрия мектебінің идеясын дамытты. Оған пайдалылық шегі теориясы, өнімділік шегі теориясы және жалпы тепе-теңдік тұжырымдымасын бірге байланыстыруға қол жеткізді. Виксельдің ойынша кейбір экономикалық процестер желілік емес: олар өз өздерін қолдайды немесе өздері жылдамдайды (өздері ақырындайды) Экономикалық субъектілерді жанама түрдегі күту процесін Виксель кумулятивтік деп атады. Мысалы: субъекті күту негізіндегі баға қозғалысы.

Виксель эффектісіне келсек : Ресурстар үшін бәсекелестік күрес еңбек ақы мөлшерінің және өндірістің басқа факторларының иелерінің төлемдерінің өсуінің нәтижесінде салымдардың бір бөлігін өздері пайдаланады.

Пайыз нормасы түскен кезде капиталдың құндылығын көбейту мақсаты болады (дискондау арқылы), оның физикалық

қорының көбейуі нәтижесінде бұрын болған капитал қайта бағаланады. Виксель ойынша экономикалық дағдарысты сауда және ақша дағдарысы деп бөлген. Біріншісі капиталды жинақтау сипатына өндіріс процесі кезінде туындайды. Екіншісі ақша жүйесінің жұмыс істеу тәсілінен туындайды да ақша нарығында үрей туғызады. Ақша дағдарысы сауда дағдарысын күшейте алады. Дағдарыс кезінде заем (қарыз) қаражатына сұраныс нақты қаражаттың мөлшерінен әлдеқайда көп болады. Капиталға сұраныстың қомағайлығы болашақтың белгісіздігінен болады.

Виксель қағаз ақша (эмиссия) шығару кезінде тауарға сұраныс пен ұсыныстың арасында теңдік бұзылмаған жағдайға байланысты ақша тепе-теңдігі түсінігін енгізді. Бұл жағдайда баға тұрақты болады. Бұндай тепе-теңдіктің түрі нақты және табиғи процент нормасының арасында теңдік болғанда мүмкін болады. Бірінші бұл несие берілген кезде болатын пайыз нормасы. Екіншісі "ақша зайымын (қарызын) пайдаланудан күтілген пайдаға" тең, яғни кәсіпкер несие алған капиталды салу нәтижесінде алуға үміттелген ақша табысы. Осы пайыз нормаларының айырмашылығын Виксель XIX ғасырдың аяғындағы экономикалық парадокстен деп түсіндірді. Бір уақыттағы төмен баға және пайыз нормасының төмендігі Виксельдің ойынша баға төмендеуінің себебі нақты пайыз нормасының табиғи пайыз нормасынан жоғары болуы, яғни іс жүзінде ол өте жоғары болды.

Жалпы салымдардың нақты және табиғи пайыз нормасының тең болмауы кезінде инвестицияға тең болмайды да осыдан баға деңгейі өзгеріп, тепе-теңдік болмайды. Виксель бұрынғы тепе-теңдік өзінен-өзі қалпына келмейді, ол үшін ақша (банктік) саясатын өзгерту керек деп ұсынады.

Неоклассикалық мектептің теориялық жорамалын бірнеше шешіммен қорытындылауға болады.

1. Экономиканы үйренуде неоклассиктер марксистік көзқарасты жоққа шығарып қоғамдық қарым-қатынас шегінде ұйымдастырылған класстық бағыт "таза экономиканы" зерттеуге ұмтылды.

2. Неоклассиктер нақты әрекет ететін заңдарды үйренуден ығысып, осы заңдардың пайда болуына үстірт қарап сыртқы нысанын басты назарда ұстады. Мысалы олар классикалық мектеп өкілдері ашқан құн заңының сыртқы пайда болуы, яғни сұраныс пен ұсыныстық арасындағы сандық пропорцияны оқиды.

3. А.Смиттің "laissez faire" (әрекет жасауға еркіндік беру) қағидасын яғни мемлекеттің экономикаға араласпауын, неоклассиктер (нарықты жақтап) өндіріс пен тұтынудың арасындағы тепе-теңдік орнатудың мемлекеттік тетіктері емес нарықты жақтады. Жеке кәсіпкерге еркіндік берілуін қолдады.

4.Экономиканың микроэкономикалық бағытын пайдаланып, олар тауар құнының еңбегін бағалаудан және шаруашылық субъектілерінің жүргізудің субъективтік-психологиялық себебін өздерінің зерттеулерінің орталығына қойып, шекті пайдалылықтың субъективтік теориясына өтті.

5. Әлемнің барлық университеттерінде мейнстрим (mainstream) атауымен оқытылатын курстың негізі болатын қазіргі неоклассикалық мектептің "жаңа классикалық экономикасы" соңғы теориялар үшін база болды.

6. Неоклассиктердің маржиналистік тәсілінің бірталай жағымсыз жағы да бар ол көп математикаланған, абстрактілі пікірлерге толы, графикамен формулалар өте көп. Ал ең бастысы социалды емес (әлеуметті).

Кәсіпкерлікке еркіндік берілуін және экономикаға мемлекеттің араласуын шектейтін неоклассикалық теория толқын сияқты қозғалыста болады: экономиканың дамуының үдемелі (алға басқан) мерзімінде күшейеді және экономикалық қолайсыздық кезінде азайады. Неоклассикалық идеялар қабілетсіз екендігіне, 1929-1933 жылдарда болған әлемдік экономикалық теорияның қабілетсіздігіне дағдарыс кезінде көз жеткізді.

Неоклассикалық теорияның қабілетсіздігіне дағдарыс себебі және экономиканы тұрақтандыру жолдары туралы сұраққа жауап ретінде кейнсиандылық пайда болды.

№ 7 дәріс.

Реттелетін нарықтық қатынастардың тұжырымдамасы.


1. Институционализмнің пайда болуы.
2. Э.Чемберлиннің монополистік бәсекелестік теориясы.
3. Дж. Робинсонның жетілмеген бәсекелестік экономикалық теориясы.

XIX-XX ғасырларда капитализмнің еркін бәсекелестігі монополистік бәсекелестікке айналды. Капитал мен өндірістің шоғырлануы күшейді, банктік капиталдың орталықтандыруы болды. Соның нәтижесінде американдық капиталистік жүйе өткір әлеуметтік қарама-қайшылықтар туындатты.

Институционализм – бұл экономикалық дамуда әлеуметтік институттардың рөліне баса назар аударатын теориялар жиынтығы.

Бұл бағыттың өкілдері қоғамдық дамудың қозғаушы күштері институттар деп санаған. Институттарға корпорация, кәсіподақ, мемлекет және әртүрлі құқықтық, моральдық – этикалық және психологиялық құбылыстар (әдет- ғұрып, әр түрлі әлеуметтік топтардың мінез нормасы, әдеттер, инстинктер және т.б.) Қоғамдық психология көрсету формасы экономикалық категориялар да болып табылады: жеке меншік, салық, несие, пайда және т.б. осылардан бастау алып талдау объектісі қоғамдық психологияның дамуы болды.

Институционализмнің негізгі екі тармағы (бұтағы) болды:



Дәстүрлі институционализм – әртекті тұжырымдар жиынтығы: Т.Вебленнің технократикалық тұжырымы, қоғамның постиндустриалдық теориясы (Дж.Гелбрейт,

Белл), осы уақытқа дейін үшінші дамушы елдерде қолайлы фундаментальдық теория болып табылатын **Г.Мюрдальдың** экономикалық артта қалу теориясы.

Жаңа институционализмге меншік құқығы теориясы (**Р.Коуз, А. Алчиан**), қоғамдық сайлау теориясы (**К.Эрроу, Дж.Бьюкенен**), жаңа экономикалық тарих (**Д.Норт**) агенттер теориясы (**Т.Стиглиц**), ұйымдардың трансакциондық теориясы (**О.Уильямсон**).

Торстейн Веблен (1857-1929) американдық экономист, социолог– «Жұмыссыздық табының теориясы» (1899). Т.Веблен қоғам дамуының негізі деп ұжым психологиясын санады. Осыған негіздеп ол экономикалық дамудың психологиялық теориясын қалыптастырды: экономикалық құбылыстарды әлеуметтік және тарихи көзқараспен түсіндіруге болады. Т.Вебленді экономикалық социология ғылымының негізін құрушы деп толық құқылы айтуға болады. Т.Веблен қоғам дамуының заңдылықтарын биологиялық заңдылықтармен байланыстырды және қоғамның эволюциялық дамуы көзқарасында қалды. Кейін бұл бағыт дарвинизм деген атауға ие болды. Т.Веблен мәртебелі тұтыну түсінігін енгізді, кейін бұл «Веблен тиімділігі» деп аталды. Т.Вебленнің ойынша капитализмнің негізгі қарама-қайшылығы индустрия мен бизнестің арасындағы қарама-қайшылық болып табылды. Индустриалдарға инженерлер мен өндіріс процесінің басқа қатысушылары жатты. Олардың мақсаты өндірістің тиімділігін арттыру және қоғамның байлығын көбейту болып табылады. Бизнесмендерге қаржыгерлер мен кәсіпкерлер жатады. Олардың мақсаты – көп пайда табу. Бизнес өндірісті өзіне бағындырды.

Қарама-қайшылықты шешу үшін Т.Веблен инженерлік-техникалық қызметкерлердің қарсылық актісін өткізуін ұсынды. Т.Веблен индустриалдар жағында болды және бизнесмендерге қарсы, яғни технократ болды. Ол бизнестен босатылған өз мүддесіне жұмыс істейтін қоғамның болашағы зор деп есептеді.

Бұл бағытқа қосымша күш берген **Джон Коммонсанын (1862-1945)** «Институционалдық экономика» кітабында «ұжымдық іс-әрекеттің» экономиканың мінез-құлқына әсері жөнінде жазады. Басты назарды жеке адамдардың іс-әрекеттерінде келісімділікті қалыптастыру процедурасында саяси партиялар мен кәсіподақтар, корпорациялардың ролін басты назарда ұстайды. Ол «Әрекет ететін ұжымдық институт» ұғымын адамдардың экономикалық мінез – құлқының реттеуші тетігі ретінде қарады. Коммонстың экономикалық теориясының негізінде пайдалы келісім түрды. Оның ойынша пайдалы келісім деген- осы келісімге қатысушылар даулы жағдайды шешкенде бәрін қанағаттандыратын ортақ келісімге келу деп түсіндірген ұжымдық іс-әрекет табиғатына көзқарасын Коммонс Америкалық еңбек федерациясымен қоян-қолтық араласып, белсенді жұмыс жасапжүзеге асырғысы келді. Соның әсерімен 1935 жылы АҚШ-та зейнетақымен қамтамасыз етудің негізін қалаған «Әлеуметтік қамтамасыз ету актісі» қабылданды. Институционалистер біртіндеп басқа экономикалық мектептер қараған саяси және әлеуметтік-мәдени институттардың басқа да мәселелерін кең көлемде назарда ұстаған.

Конъюктурлық – статистикалық институционализмнің өкілі Уэсли Клер Митчелл (1874-1948) болып табылады. Негізгі шығармасы «Іскерлік циклдер». Оны экономикадағы циклдік құбылыстар қызықтырды. Экономикадағы цикл –бұл көптеген өзара байланыстағы факторлардың іс-әрекетінің нәтижесі (инвестиция, ақша айналымы, ақша бағамы, салымдар және т.б.).

Қоғамдық қарама-қайшылықтарды шешудің жалғыз тетігі ақша , қаржы, несие факторлары әлеуметтік-мәдени мәселелермен үйлестіретін мемлекеттік реттеу болып табылады. Өзінің зерттеулерінде ғалым статистика әдістерін қолданды, бұл оған алғашқы экономикалық өсу болжамын құруға септігін тигізді. 1923 жылы У.Митчелл жұмыссыздықтан мемлекеттік сақтандыру жүйесін ұсынды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін таза институционализм құлдырауға ұшырады, бірақ басқа формада Джон Кеннет Гелбрейт шығармаларында қайта жаңғырды.

Оның «Жаңа индустриялық қоғам» атты негізгі жұмысы экономика «техноқұрылымының»: ірі корпорацияның дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы, басқару және т.б. технология бойынша мамандар, конструкторлар, ғалымдар кіретін қоғамдық қабаттың рөлі және оны талдауға арналды. Гелбрейттің ойынша қазіргі нарықтық экономиканың мінез-құлқы күрделі техника (автомобиль, ұшақ т.б.) шығаратын ірі корпорациялармен (олигополия) анықталады. Олар нарықтық бағаға бақылау жасай алады.

Күрделі өнімнің жаңа моделін қалыптастыру ғылыми ізденістер мен конструкторлық жобалар, жаңа технология құруды талап етеді, сондықтан тек қана нарықты оқып, үйрену (маркетинг) ғана емес, сұранысты, шикізатқа бағаны және т.б. болжау қажет. Қазіргі экономиканың мінез-құлығының осындай ерекшеліктерін ескере отырып, Гелбрейт мынадай шешімге келген:

1. Корпорацияларда нақты билік- иелерінде емес, инфрақұрылымда.
2. Техноқұрылымның билігі өзгешеліксіз, барлық шешімдер біртіндеп және ұжымды түрде кезең-кезеңмен күрделі келісім жолымен қабылданады. Жоғары басшылық бұл процесті тек қана үйлестіреді.
3. Техноқұрылым корпорация жұмысын бір жыл бұрын жоспарлауға мәжбүр.
4. Техноқұрылым тек қана капиталға пайданың көбейуін емес, корпорацияның нарықта нығыз орын алуын қамтамасыз ету, жекеменшік иесі инфрақұрылым қызметін керек етуіне жағдай жасауына мүдделі

Джоан Вайолет Робинсон (1903-1983) ағылшын экономисі, саяси экономиялық Кембридж мектебінің өкілі, профессор. 1965-1971жж. Робинсон солшыл кейнсиандықтың негізін қалаушы және басшысы ретінде экономикалық ойлар тарихына кірді. «Жетілмеген бәсекелестіктің экономиялық ілімі» атты еңбегі(1933) оған 30 жасында әлемдік атақ әперді. Робинсон «антимаржиналистік революция» жасап, неоклассикалық экономикалық ілімді, пайдалылық шегі және өнімділік шегі ілімдерін сынға алды. Басты еңбегі монополизацияның түрлі нарықтық аспектілерін, бағалардың қалыптасу механизмін және жетілмеген бәсекелестік жағдайында монополиялық кірісті сатуды білуге арналады. Ол негізінен екі жағдайды: таза монополияны (бір сатушы және көп сатып алушы) және монополисонияны(бір сатып алушы және көп сатушы) үйретеді. Робинсон үшін таза монополия бейімделген өндіріс нарығын білдіреді.

Дж.Робинсон жетілмеген бәсекелестікте бәсекелес шаруашылық жүйенің тепе-теңдік жағдайының бұзылуын және жалдамалы еңбектің қаналуын көрді. Жетілмеген бәсекелестік жағдайында бағаның өсу себебін ол фирмалар арасындағы келісім және бұл салаға басқа фирмалардың қатынасуының шектеулігінен көрді. Сондықтан Робинсон мемлекеттің міндетті түрде экономикаға салық және бюджет саясаты шаралары көмегімен араласуын ұсынды. Нарықта шамамен алғанда аз фирмалар басымдық жасаған кезде, олигополия жағдайды туындайды.

Фирмалар санының аздығы әдетте көлемінің тиімділігімен реттеледі. Капиталсыйымды салаға кіретін өнімнің төмен шығынына қол жеткізу үшін қазіргі фирмалар бірнеше миллиард долларларды тек машина мен жабдықтарға жұмсауы мүмкін.

Егер салалардағы фирмалар саны соншалықты аз болып, олардың әрқайсысы өздерінің бағалық саясатын қалыптастырарда бәсекелестерінің әрекетін назарға алған жағдайда олигополия қалыптасады.

Дж.Робинсон бағаны сұранысқа әсер ету және өндіруді реттеу аспабы ретінде пайдаланудың мүмкіндігін зерттеді. Ол «бағалардағы өзгерістер» түсінігін енгізді, яғни, баға бойынша бейімді сұраныстың негізінде нарық монополиясын сегменттерге бөлу. Монополист жаңа тауар шығарған кезде басында бағаны барынша көтереді де, тұтынушылардың ең ауқатты бөлігіне қызмет көрсетеді. Одан кейін ол бағаны біртіндеп төмендетіп, жағдайы орта сатып алушыларды өзіне тартады және бұл жағдайда да бағаны төмендеткеніне қарамастан, сұраныстың көбеюінен табыс жоғары болады.

Робинсонның монополия туралы ілімінде монополияға жағымсыз қатынасы білінеді. Робинсон монополияның соңын еңбек нарығы кезінде талдайды: егер ірі фирма (монополист) ұйымдаспаған жұмысшылардың еңбегін сатып алған жағдайда монополист-компания жұмысшыларға өздерінің келісім талаптары бойынша жұмыс істетіреді. Ол келісім бойынша нақты жалақы жұмысшы өнімінің шегінен төмен болуы мүмкін. Робинсонның ойынша, бұл еңбекті қанау болып табылады. Мұндай қанауға қарсы әрекет ететін факторлар деп Робинсон ең төменгі жалақы туралы заңды және кәсіби одақтардың саясаты деп санады.

Робинсон нарықтағы фирмалардың бәсекелестік сипаттамасын әзірледі. Егер, бұрын бәсекелестік-артықшылық және тек бағалық бәсекелестік деп саналса, Робинсон фирмалардың бәсекелестік сипаттамасының басқа да сипаттарын ұсынады: көлік шығынының үлкендігі, өнімнің сапа деңгейі, клиенттерге қызмет көрсету ерекшеліктері, несие мерзімі, фирманың атағы, жарнама рөлі. Осылайша фирма жұмысы да, нарық та жан-жақтыланды.

Дж.Робинсон экономикалық ілімнің дамуына қомақты үлес қосты. Ол алғашқылардың бірі болып жетілмеген бәсекелестік, фирмалардың неоклассикалық ілімі, жетілмеген бәсекелестік жағдайында бағаның калыптасу

ілімі салаларында жұмыс істеді. Экономикалық өсуді адамдардың табысы және айналымдағы ақша қаражатының санымен байланыстырды. Тұйыққа тірелген базалық ілімнен сәл» солға бұрып, Кейнс ілімін жалғастырды.

№ 8 дәріс.

НАРЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТЕОРИЯСЫ.

1. Макроэкономикалық талдау.

2. Неокейнсиандық.

3. Неолиберализм.

4. Монетаризм мектебі.

Джон Мейнард Кейнс(1883-1946) ағылшындық экономист, мемлекеттік қайраткер. Кейнс өзінің «Жұмыспен қамтылу, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» кітабында нарықтық экономияда автоматты түрде толық жұмыспен қамтылудың механизмі жоқ екендігін жазған. Мемлекет өндіріс және жұмыспен қамтыуды көбейту үшін шығынды көбейтуі және белсенді инвестициялық саясат жүргізуі қажет: Кейнстің неоклассиктерден айырмашылығы халық шаруашылығына талдау жасады. Бұл макроэкономикалық деген атау, ал «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы»(1936) кітабындағы ол ұстанған бағыт кейнсиандық деп аталады.

Кейнсиандық- нарықтық экономикаға мемлекеттік реттеудің мәні мен қажеттілігін негіздейтін және мойындайтын теория. Кейнс экономика ғылымының күнделікті, бірқаты тұрмыс теориясына байқаудағы ауыспалы азғантай санның арақатынасына, ал экономикалық жалпы тепе- теңдігі- тауар нарығының тепе- теңдігіне, ақша нарығына макроэкономика моделін енгізді. Экономиканың мүмкін болған тұрақсыздығының себебі инвестиция көлемінің күтпеген жерде өзгеруіне байланысты табыс деңгейінің тұрақсыздығы. Сонғысы қауіпті шегіне жеткенде тек қана нарықтың өзін - өзі реттеу күшімен түзете алмайды және қосымша мемлекеттің араласуын талап етеді.

Кейнстің ең үлкен еңбегі экономикалық теорияның жаңа тілін құрағандығы болып табылады. Бұл тіл біріккен шамалардың қысқа мерзімді аз өзгерткен аз сандарды түсіндіреді. Бұл барлық экономиканы бір-біріне қатысы бар төрт нарықтың: тауар мен қызмет көрсету нарығы, еңбек нарығы, ақша нарығы және құнды қағаз нарығының есептесуіне мүмкіндік берді.

Классикалық экономикалық ғылымды сынау Кейнс Сейдің «нарық заңын» жоққа шығарады. Ақша экономикасында сатушы бірден сатып алушы болуы міндетті емес. Оның орнына ол жинақтайды және бір уақытта жиынтық сұранысты азайтады. Сұраныстың кеміуі өз кезегінде жиынтық табыстың азайуы мен жұмыссыздықтың өсуіне әкеліп соғады сондықтан жиынтық табыс ұсыныс факторларына қарағанда сұраныс факторына тәуелді (тұтынуға ұйғарылған шығын және инвестицияға ұйғарылған шығын).

Кейнс жаңа категория «инвестициялар мультипликаторын» ұсынды. Оның тетігі мынадай. Қандай салада болмасын инвестициялау өндірісті кеңейтуге және осы салада жұмыспен қамтылуды көбейтеді.

Нәтижесінде тұтыну заттарына қосымша сұраныс пайда болады, ол өз кезегінде сәйкес салаларда өндіріс көлемін кеңейтуді талап етеді. Соңғылары өндіріс құралдарына және т.б. қосымша сұранысқа ие болады. Осылай инвестициялағанда жиынтық сұраныс, қамтылу және табыстың көбейуіне әсер етеді. Кейнс сұраныс шамасын реттеу аспабы ретінде несие - ақша және бюджет саясатын ұсынады.

Кейнстің пікірінше мемлекеттік реттеуге макроэкономикалық көрсеткіштер; ұлттық табыс, жиынтық ұсыныс, жиынтық сұраныс, жұмыспен қамтылу, жинақтау және инвестициялар жатады. Кейнстің ойынша экономиканы дағдарыстан алып шығудың негізгі факторы жиынтық сұраныс болып табылады. Ол үш құрамдамамен анықталады; халықтың тұтынуы, өндірісті инвестициялау және мемлекеттік реттеу. Сондықтан кейнсиандық экономикалық саясатты сұраныспен басқару тұжырымдамасы деп атайды.

Жаңа идеялар ұсынған бағытты неокейнсиандық деп атайды (өкілдері: *Р.Харрод, Э.Хансен, Е.Домар, Дж. Робинсон*). Кейінгі кезеңде 1974-1975 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс нәтижесінде посткейнсиандық бағыты пайда болды (өкілдері: *Р.Клауер, А.Эйхнор* т.б.) Онда Кейнстің тұжырымдамасы А.Смит пен Рикардоның классикалық мектебінің ережесі, К.Маркстің экономикалық теориясының кейбір идеялары бар. Сонымен қатар посткейнсиандық неоклассикалық мектептің фундаменталдық ережелеріне; шекті пайдалылық және шекті өнімділік теориясына қарсы шығады. *Кейнсиандыққа шолу жасағанда келесі қорытындылар жасауға болады:*

1. Кейнсиандық теория экономиканы зерттеудің макроэкономикалық әдісін өннеді.
2. Дағдарыс кезінде және ұзақ мерзімге нарық экономикасына мемлекеттік реттеудің нақты тетіктерін атап көрсететін және оның қажеттілігін негіздеді.
3. Экономикалық циклдік дамуын (күлдырау, жандану, көтерілу) объективті заңдармен емес, адам психологиясына байланысты деп түсіндірді. Олардың тұтынуға қарағанда табыстың өсу шамасы бойынша көбірек жинақтауға ұмтылуы, нәтижесінде қамтылу мен өндірістің өсу қарқының азайтатын» «тиімді сұраныстың» азаюына әкеп соғады.

Неоклассикалық және неокейнсиандық мектептердің арасында өз идеяларын өмірге қолдануда үнемі күрес жүргізіліп жатады, сонымен қатар неоклассицизммен кейнсиандықтың классикалық теориясының жекелеген ережелерін қосуға да әрекет жасалуда. Жаңа ағым «неоклассикалық синтез» деген атауға ие болады және қазіргі батыс ғылымының негізі болып есептеледі.

Неоклассикалық бағыттың шеңберінде әртүрлі теориялар пайда болып, одан әрі дамыды. Олар: *А.Лаффер, М.Эванстің «Экономика және ұсыныс теориясы», Р.Лукас, Н.Уоллес* және тағы басқалардың «*тиімді күту*», және «*экономикалық*

өсу», «жалпы экономикалық тепе- теңдік», «экономика және ігілікті тұрмыс» және т.б. Оларға көз жүгіртсек:

Либерализм- бұл өндіріс құралдарының жеке меншікке негізділген және экономикалық субъектілердің жеке бастамашылық еркіндігіне кепілдік беретін экономикалық жүйе болып табылады деген экономикалық доктрина.

Либерализм экономикалық өмірге мемлекеттің тығыз араласуының қажеттілігін жоққа шығаратын теория. Ол XVIII ғасырда өндіріс революциясы жағдайында пайда болды (Д.Стюарт Милль, Ж.Б.Сей) және өндірісті дамыту жолындағы мемлекеттердің ресми доктринасы болды. Қазіргі либерализм тұжырымдамасының басты теоретиктері *Л.Мизес (1881-1873) және Ф.Хаек (1899-1922)* болып табылады. Өздерінен бұрынғыларға қарағанда неолибералдар шаруашылық өмір процестерін микроскопиялық бағдармен емес, жалпы экономика (макроэкономика) көзқарасымен бағалайды. Неолиберализм мемлекетке тек қана нарық жүзеге асыра алмайтын функцияларды қалдырды. Мысалы; қоғамдық ігілік өндірісі, сондай- ақ жеке кәсіпкер және нарық тиімді жұмыс жасайтын құрылым құру үшін қажетті функциялар. Мысалы: монополияға қарсы саясаттың заңды түрде бекітетін және жеке меншік құқығын анықтайтын заңнамалар.

Людвиг фон Мизес (1881-1893)- Вена университетінің профессоры, 1940 жылы АҚШ жер аударған. Оның өкілдері жалпы тепе-теңдік теориясын, математикалық экономика және эконометрияны жоққа шығарған Австрия мектебінің екінші толқынының көшбасшысы болған. Оларды экономикалық бейімделу процесстері мен экономикалық жағдайда өзгертін бәсекелестік қызықтырған. 1922 Мизес «социализм» атты кітабын жарыққа шығарды. Онда ол оталықта белгіленген баға жоспарлы экономикалық тепе- теңдікке жету мүмкіндігі жоқ деп түсіндірді. Егер баға сұраныс пен ұсынысқа тең болмаса, онда өндіріс факторларының тиімді комбинациясы таңдау үшін пайдалануға болмайды. Соңдықтан орталықтандырылған экономика еркін ауысатын бағаға басшылық жасай алмайды да қаншалықты адал, күзіретті болса да өздерінің күз ретінде

тиімді жоспарлау аспабы жоқ шенеуніктің қолына беріледі. Жоспарлы мемлекеттік экономика жүйісі- ол «жоспарлаған бей-берекет». Ресурстарды пайдалануға нақты баға жүйесі болмағандықтан социалистік қоғам ешқашан оқтайландыруға қол жеткізе алмайды. Мизес еңбек ақы бағаға бақылау жасайтын инфляция саясатына қарсы болды. Ақшаның құнсыздану себебі салыстырмалы бағаның білімсіздігінен болады. Ал онымен тиімді күрес экономикалық құрылымға өзгерістер әкеледі. Экономикалық конъюктураларды өзгертетін салыстырмалы бағаның сезімталдығын қалпына келтіреді.

Экономикалық теорияның даму кезеңдеріне көз жүгіртсек экономикалық либерализмнің патриархы, австро- американдық экономист, профессор **Фридрих Август Хайектің** «Құлдыққа жол», «Жекелік және экономикалық тәртіп», «Еркіндіктің негізгі заңы» кітаптары дүниежүзіне әйгілі болды.«Қауіпті менмендік. Социализм қателіктері» кітабында Ф.Хайек ХІХ-ХХ ғасырдағы социалистік утопия табиғатының қауіптілігі, социализм мақсаттары іс жүзінде болмайтыны және бағдарламасының орындалмайтыны және ол логикалық негіздері жоқ, орындалуы мүмкін еместігі жөніндегі ойларымен бөліседі.

1956 жылы «Барлығы үшін ігілікті тұрмыс» атты кітап жарыққа шықты. Оның авторы «неміс экономикасының ғажайыбы», «әкесі» теоретик **Людвиг Эрхард**. Оның бағыты ХХ ғасырдың бірқатар «ғажайыптары»- Оңтүстік Корей, Тайвань және Испан «ғажайыптарының» моделі болған. Неолиберализм теориясын негізге алып профессор Эрхард өзінің әлеуметтік нарықтық шаруашылық тұжырымдамасын құрды және оны іс жүзінде қолданып экономикалық теорияның жаңа, жарқыраған даму кезені және нақты әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізді. Эрхардқа жүгінсек қазіргі либерализм экономикалық процесстерде мемлекеттің шешуші рөлін жібермеу мүмкін емес. Біріншіден монополия қызметіне шектеу қажет. Екіншіден «мемлекетсіз» нарықтық экономика табыстың ерекше мөлшерде арасының ашылуынан туындайды, бірқатар әлеуметтік топтардың жағдайының қамтамасыз

етілмеуі саяси және әлеуметтік тұрақсыздыққа әкеледі. Соңдықтан мемлекет табыстың бір бөлігін кедейлердің пайдасына қайта бөлінуін және бірқатар әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асыруы керек. Кейбір жағдайларда мемлекет өте маңызды тауарлар мен Қызмет түрлерінің реттеуге мүмкіндігі бар. Бұл тұжырымды Эрхард іс жүзінде соғыстан кейінгі Германияның экономикалық жаңаруы кезінде пайдаланды. Либерализм позициясына ақырындап қазіргі Ресей өтіп жатыр.

Тегі орыстан шыққан американдық экономист **Василий Леонтьев** біздің уақыттың аса көрнекті ғалымы болып табылады. Оның аты экономикалық теория бағытында «шығын шығару» моделін құрумен байланыстырылады. Ол экономикалық жүйеде мына мәселелерді шешетін: еңбек табиғи ресурстарды және капиталды ұтымды бөлетін, өндірістің өсу тепе- теңдігін қарқынын қамтамасыз ететін және мың түрді тауарды тұтыну, тұтынуға шығарылған өнімдер мен инвестицияларды және тағы басқаларды бөлінетін өте үлкен компьютер деп қарады. Компьютер ақырындап жақындау әдісімен жұмыс істейді. Ол егер жұмыспен ауытқытса құлдырау, инфляция т.б. болады. Сонда оның жұмысына адам араласады да осы болған кемшіліктерді жоятын экономикалық саясатты қолданады.

Леонтьев моделі теңдігі баланстық және құрылымдық болып екіге бөлінеді. Баланстық теңдік сұраныс пен ұсыныстың теңдігінің сақталуына кепілдік береді. Құрылымдық теңдеу әр саладағы шығын және шығару арасындағы сандық байланысты көрсетеді. Бұл үшін жүздеген бағандары бар «шығын шығару» кестесі пайдаланылады.

Ұзақ мерзімді экономикалық өсудің аса маңызды неоклассикалық теориясын американдық экономист **Роберт Солоу** құрды. Бұл еңбегі үшін ол экономика бойынша Нобель сыйлығын алды. Ол өткен уақыттың ұзақ аралығындағы экономикалық өсуді түсіндіру үшін қолданылады. Солоудың моделінен экономикалық өсу жағдайын немесе ұтымды өлшемнің бірқатар ережелерін бөлуге болады.

1. Экономикалық өсу жағдайының қарқыны орнықтылығы еңбек ресурстарының өсу қарқындылығымен анықталады
2. Моделдің технологиялық өзгерістері экономикалық өсу қарқынының көбейуіне әкеледі.
3. Жинақтау деңгейі қисқа мерзімде ереже бойынша бұл әсер болмауы мүмкін.
4. Экономикалық өсудің ұтымды өлшемінің қарқыны жан басына шаққанда орташа тұтынуды барынша көбейтуге қызмет етеді (жинақтаудың алтын ережесі).
5. Экономикалық өсудің ұтымды қарқынын қамтамасыз ету үшін барлық пайда өндірісте қолданылуға тиісті.

Монетаризм- бұл айналымдағы ақша массасы нарықтық экономиканың тұрақтылығы мен дамуына маңызды рөл атқаратындығына сәйкес экономикалық теория.

Монетаризмнің негізін қалаушы - Чикаго мектебін құрушы 1976 жылғы экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты, американдық ғалым **Милтон Фридмен**(1912жылы Нью-Йоркте кедей еврей эмигрантының отбасында дүниеге келді). Оның ұсынымын 1960-1970 жылдары АҚШ, Ұлыбритания, ФРГ, Чили және басқа елдер пайдаланды.

Фридмен- еркін қоғам мен еркін кәсіпкерліктің арасындағы ішкі байланыстың болуымен шығатын еркіндік идеясының жолын ұстаушы. Еркіндікті көбейту үшін мемлекеттің рөлін азайту керек. Оны байлық құруға, қамтылу, баға, өндіріс көлемін реттеуге жіберуге болмайды. Экономикаға оның жалғыз қызметі қажет- ол айналымдағы ақша санын реттеу. Экономикалық талдаудың дұрыс құралы болып ақшаның сандық теориясы қызмет етеді.

Ресейде табыссыз монетаристік өзгерісті ХХ ғасырдың 90- жылдары Ч. Гайдар қолданды. Монетаристер экономикаға мемлекеттің араласуы тек қана ақша массасына бақылау жасаумен шектелсін деп ұсынған.

9 ДӘРІС

Қазіргі кездегі экономикалық ойлар.

1.Қоғамның экономикалық гүлденуі ұсыныс экономикасы теоретиктерінің көзқарасы тұрғысынан.

2. Қоғамдық таңдау теориясы пәні және оны зерттеудің мақсаты (Дж. Бьюкенен).

3. Орыс экономикалық ойлары

4. М.И. Туган-Барановскийдің экономикалық көзқарасы

«Ұсыныс экономикасы» тұжырымы 20 ғасырдағы 70 жылдардың аяғында 80 жылдардың басында ағылшын, Америка және батыс Германия мектептері негізінде әзірлене бастады. Оның негізін қалаушылар американдық экономистер А.Лаффер, Р.Мандель және басқалары. Бұл ағым Р.Рейган президент болып тұрған тұстарда АҚШ әкімшілігінің, сонымен қатар, Тэтчер тұсында Англия өкіметінің экономикалық саясатының қалыптасуына елеулі ықпалын тигізді.

«Ұсыныс теориясы» жақтастырының пікірі бойынша құрылымдық және циклдік дағдарыстар, созылмалы жұмыссыздық және инфляция біріншіден мемлекеттің шығындары өсуінен пайда болған. Олар бұл жағдайлардан бюджеттік тапшылықтың, корпорацияларға жоғарғы салықтың, ақша-несие жүйесінің бұзылу себебін көрді. Сондықтан, олар мемлекеттің рөлін күрт шектеуді ұсынды.

Ұсыныс экономикасы теориясы ресурстарды ұсыну және олардың тиімді пайдаланылуына басты назар аударады. Осымен қатар, ол экономикалық агент қызметінің кәсіпкерлігін қозғайтын себептерді жандандыруды ұсынады. Осымен бірге ұсыныс теориясы инфляцияға қарсы сипаттағы шараларды қарастырады: салықты төмендету, әлеуметтік қажеттіліктерге мемлекеттің шығынын азайту, бюджеттік тапшылықты жою, еркін кәсіпкерлік қызметке бөгет болатын әкімшілік шектеулерді тоқтату.

«Оңтайлы күтулер теориясын» неоклассицизмнің жаңа эволюциялық өнімі ретінде есептеді. Ол АҚШ-та қалыптасты. Оны Дж.Мут, Р.Берроу, Р.Лукас және басқалары әзірледі.

Оңтайлы күтулер теориясы макроэкономикалық талдауда ерекше рөлді субъективті күтулер және шаруашылық процесіне қатысушылардың болжамы алады деген идея негізінде қаланды.

Осы ойдың негізінде бұл факторға сүйенетін жаңа тең салмақты модель әзірлеу идеясы туды. «Оңтайлы күтулер» түсінігін экономикалық айналымға 20 ғасырдың 60 жылдарының басында американдық экономист Дж.Мут енгізді. Оңтайлы күтулер түсінігін ол қазіргі жағдай және шаруашылықтың келешегі туралы белгілі уақыттағы барлық ақпарат негізінде қалыптасатын күтулер деді. Өз болжалында Дж.Мут өздерінің экономикалық агент жағдайын үлкейтетін күтулер оңтайлы дегеннен шықты. Осындай моделдердің бірін Чикаго университетінің профессоры Р.Лукас құрды(1938 жылы туған). 1995 жылы Лукас өзінің оңтайлы күтулер теориясы бойынша зерттеулері үшін экономика бойынша Нобель сыйлығын алды.

Егер экономикалық субъектілер оңтайлы болса, онда олар бағалық күтулерді тек бұрынғы тәжірибе негізінде қалыптастырмайды, олар бұрын жіберілген қателерді және бағаның өзгеру беталысы туралы өз ұсыныстарын есепке алуға тырысады.

Оңтайлы күтулер тұжырымын жақтаушылар үкімет те, экономикалық агенттер де осыған сәйкестендіріп шешім қабылдай алатын тұрақты ережелердің құрылуын жақтады. Бұл үкіметтің іс-әрекетін алдын ала болжауды және нарық шаруашылығында өндірушілер мен тұтынушылардың ақпараттың дұрыс бағасын қамтамасыз етеді ақша және қазына саясатына байланысты үкімет шешімі тек оны қабылдағаннан кейінгі екі жылдан кейін күшіне еруге тиісті заң қабылдауды ойластырды. Бұл экономикалық агенттер үшін күтпеген шешімдер қабылдауды тоқтаушы еді. Үкімет бір сәттік проблемаларды шешудің орнына ұзақ мерзімді экономикалық саясатқа, жалпы экономикалық тепе-теңдіктің құрылымдық жағдайына назарын тоқтатуы тиіс.

Оңтайлы күтулер теориясы авторлар қарастырған барлық модельдер өлшемдері сақталатын экономикалық жүйенің өмір сүруін қарастырады. Мұндай жағдай өмірде болуы мүмкін емес.


Михаил Иванович Туган-Барановский(1865-1919) саяси экономия әдістері мен пәнін өндеуде кооперация

мәселелерінің теориялық негізіне үлкен үлес қосты. Игіліктің өсуі үшін орталықтандыру және жоспар, ал еркіндік үшін «өндірістік процеске қамтылған жұмысшылар тобы өндірістік процесті бөлуші»-синдикализм қажет. Сондықтан социализмнің дамуы дөрекі ұжымшылдықтан еркін кооперацияға өтуге тиісті. Ол мына заңды қалыптастырады. Еркін өндірілетін капиталдық игіліктердің шекті пайдалылығы олардың еңбек құнына пропорциялы тауарайналымы процесін алып қарасақ, ол бөлу және алып-сату саудасының арасындағы айырмашылықты бөлуге талпынған. Оның ойынша, жұмысшы жеке тұлға болғандықтан жұмыс күші тауар болып табылмайды. Туган-Барановский басты назарын іскер кезеңдерді зерттеуге аударған. Басты себеп экономиканың әртүрлі саласында еркін ақша капиталын пропорционал салмағандықтан деп есептейді. Бұл процесте басты рөлді ақша атқарады. Неліктен өсуді құлдырау алмастырады. Өйткені ақша нарығын жандандыруға себеп болған еркін капитал өндірістің кеңеюіне жұмсалады. Өндірістің көтерілетін жылдары-жоғары баға болған жылдар, ал тоқырау жылдары- баға төмен болған жылдар.

Николай Кондратьев(1892-1938)-шаруа отбасында дүниеге келген, Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Кондратьев алғашқы бесжылдық жоспарды құру жұмысына қатысқан. Бірақ ол жоспар сандық емес, сапалық сипатта болуы керек деп есептеді. Аграрлық мәселелердің шешілуі жерді социализациялау деп түсінді. Ол ауылда жерді отбасылық- еңбекке пайдалану бірдей және әрбір еңбеккерге жер түбегейлі берілуге тиісті деген шешімге келді. Ол да Чаянов сияқты жекеменшік отбасылық шаруашылықтарды жоймай ауылшаруашылығын кең кооперациялау мүмкіндігіне сенді. 1930 жылы тұтқындалып, 1938 жылы жалған айыппен аталды.

Кондратьевтің басты теориясы-ұзын толқын теориясы. Әрбір цикл екі фазадан тұрады: көтерілу және құлдырау. Ұзақтық мерзімі және кезеңдердің туу себебін Кондратьев өндіріс құралдарының революциялық жаңаруымен байланыстырады. Ұзын толқындардың теңселу мерзімі ұзақ(жарты ғасырға дейін). Өзінде бар статистикалық

ақпараттар бойынша Кондратьев ұзын кезеннің көтерілген және төмендеген фазаларын уақытпен төмендегідей көрсеткен:



Кезеңдер өзгерісіндегі заңдылықтар:

1. Әрбір үлкен циклдің өсу толқындары басталар алдында өндіріс техникасы мен айырбастауда бірталай өзгешеліктер байқалады.
2. Үлкен циклдардың толқындарының өсу мерзімінде қоғам өмірінде төңкерістер мен ірі әлеуметтік өзгерістер төмен толқындар мерзіміне қарағанда көп болады.
3. Төмен толқындар кезінде ауылшаруашылығының ұзақ күйзелуі қатар болады.
4. Үлкен циклдің жоғарғы фазасы төменгі фазада жинақталатын еркін капиталдың көп мөлшерін пайдалануын талап етеді.

Кондратьевтің пікірі бойынша, үлкен циклдің материалдық негізі өз өндірісіне орасан шығын мен ұзақ уақыт талап ететін негізгі капиталдық игіліктердің ауысуы және кеңеюі, тозуы болып табылады. Жалпы жоспар бойынша ұзын толқын экономиканың құрылымдық қайта құру процестерімен байланысты.

Сонымен қатар, Александр Чаянов(1888-1937) көзқарасын айта кеткен жөн. Оның пікірінше отбасылық шаруа қожалықтары ең жоғары пайданы бағдарламайды, тек қана еңбек ауырлығы мен табыстың үйлесуіне бағытталады. Бұл оған экономикалық конъюктураның ең жаман жағдайында да аман қалуға септігін тигізеді.

Ұсақ шаруашылықтармен салыстырғанда ірі ауылшаруашылық өндірісте басым екендігін Чаянов мойындады.

Кеңес өкіметі кезінде Чаянов жерді бірдей, тең пайдалануға қарсы шықты. Ол бірыңғай салық енгізу қажеттілігін негіздеді. Кондратьев сияқты ол да

индустриализацияны шаруалар есебінен жүргізуге қарсы болды. Қуғын-сүргінге ұшырап, 1937 жылы атылды.

Владимир Ильич Ленин - саяси қайраткер, ресейдегі Қазан төңкерісінің басшысы, ССРО-ны құрушы. Ол Маркстің экономикалық теориясын жақтаушы, оны империализм теориясымен және осыған байланысты көпшілігі пролетариат емес елдерде социалистік революция теориясымен толықтырды. Ленин социализм кезінде барлық өндіріс бір үлкен фабрика болатынына шын мәнінде сенді. Лениннің көзқарасынан үш кезеңді бөліп айтуға болады: 1) 1917 жыл революцияға дейін (абстрактілі теорияландыру кезеңі); 2) 1917 жылдан бастап 1921 жылдың наурызына дейін (әскері коммунизм кезеңі); 3) 1921 жылғы наурыздан 1924 жылғы қаңтарға дейінгі кезең.

Абстрактілі теорияландыру кезеңінде Ленин капитализмнің күйреу тарихы туралы марксистік ілімді жақтады.

Ленин империализм орасан капиталдың шоғырлауына әкеледі деп сенді. Лениннің теориялық ұғымында социализм бір үлкен фабрика деп бейнеленді. Бүгінгі күні біз Лениннің түсіндіргені бойынша осы бейне қисынды болса да, ал экономикалық тұрғыдан тұрақсыз, және оны тек қана экономикалық және саяси күштеудің әсерімен сақтауға болатынын білдік. Бұны марксистер жақсы ұйымдастырылған саяси топ» «пролетариат диктатурасы» деп атады. Партиялық диктатура негізінде большевиктер Ресейде әскери коммунизм саясатын жүргізді. Осы кездегі жасалған жаппай күштеуді тек қана жалғыз азамат соғысының қатаң шындығымен ақтау мүмкін емес. Бірақ бұл саясат сәтсіз болды. 1921 жылы бірінші рет 1917 жылдан кейін халықтың көпшілігі большевиктерге қарсы болды. Ленин бірінші практикалық тұрғыдан, содан кейін теориялық тұрғыда соғыстан кедейленген шаруа елінде өнім өндіру мен бөлуде мемлекеттің рөлін барынша күшейту экономикалық тиімсіз екеніне көз жеткізді.

30-жылдары Лениннің ізін басушылардың жеке үкімет тәртібі құрылды. Бухарин атылды, ал партияның басшылары басқарған мемлекет барлық өндіріс пен бөліске өздерінің үстемдігін жүргізді. Басқарудың пәрменді-әкімшілік жүйесі

кұрылды. Барлық халықтың ауыр еңбегімен ірі кәсіпорындар құрылды, бірақ біртіндеп социалистік жоспарлы шаруашылықтың жасырынған ішкі кемшіліктері болды. Оның бірнеше онжылдықтар ғана өмір сүруі мүмкін болды.

Біріншіден, Кремль кабинеттерінде ұзақ мерзімге жасалған жоспарлар түпкі сұранысты ақтай алмады. Екіншіден, жоспар бойынша құрылған экономика ҒТП(ғылыми техникалық процесс)-ға сезімтал болмады. Сондықтан құрылған үлкен өндіріс экономикасы тез қартая бастады, әсерісе барлық социалистік емес елдерде ҒТП тез күш ала бастаған екінші дүниежүзілік соғыстан кейін. 80-жылдардың аяғында социализм капитализмнен әскери, идеологиялық, экономикалық және әлеуметтік қатынастарда артта қалғаны белгілі болды. Горбачевтың дұрыс жүргізбеген «қайта құруы» астынан шіріп жатқан құрылымды үстінен жойды. Большевизм үстем етіп тұрған кезеңдерде Ресейдің экономикалық ойлары біртіндеп өзіндік сипатын жойды. Экономика теориясында бірқатар ілгерілеушіліктер тек 1953 жылы Сталин өлгеннен кейін болды. Олар негізінен социализм кезіндегі тауар қатынасының үлкен рөлін мойындаудан тұрады.

Кеңес экономикалық ғылымында тек ғалымдар **В.К.Дмитриев (1868-1913)**, **Е.Е.Слуцкий(1880-1948)**, **Г.А.Фельдман(1884-1958)** әзірлеген математикалық-экономикалық бағыт қана нағыз жемісті болды. Кеңес уақытында бұл бағыттың жалғыз Нобель лауреаты(1975) **Л.В.Канторович(1912-1986)** болды. Олар экономикадағы сандық есептердің көптеген түрлері үшін ыңғайлы желілік бағдармаландыру әдісін құрды. Экономикалық заңдылық шегін талдауда **В.В.Новожилов(1892-1970)** едәуір табысқа жетті. Орталықтандырылған жоспарлы экономикадағы тапшылық проблемасын қарай отыра ол тұтыну және өндірістік ресурстар тапшылығы социализм кезінде төлем қабілетті сұраныстың өсуі және социалистік кәсіпорындар шығындарын есептемеуінің нәтижесі болып табылады деген тұжырымға келді.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.Бастапқы капитал кезеңіндегі сауда буржуазиясының мүддесін білдіретін экономикалық теория-бұл:

- a) Меркантилизм
- b) Физиократтар теориясы
- c) Маржинализм
- d) Марксизм
- e) Кейнсиандық

2. Дж.М.Кейнс қандай бағыттың негізін қалады?

- a) Маржинализм
- b) Меркантилизм
- c) Кейнсиандық
- d) Неоклассикалық
- e) Факторлы-мақсатты бағыт

3.Экономикалық теория мектептерінің қайсысы тарихи бірінші болды:

- a) Марксизм
- b) Меркантилизм
- c) Кейнсиандық
- d) Физиократтар
- e) Классикалық саяси эканомия

4. „Физиократтар” термині нені білдіреді?

- a) Сауда бостандығын
- b) Табиғат билігін
- c) Ішкі сауданы
- d) Экономикалық талдауды
- e) Индустриализмде

5.Институционалистер экономикалық талдау мына проблемаларды қарауы керек деп есептейді:

- a) Әлеуметтік
- b) Саяси
- c) Этикалық
- d) Құқықтық
- e) Аталғандардың барлығын

6. Маржинализм теориясының классиктері:

- a) Ф.Кенэ, А.Тюрго
- b) К.Менгер, Ф.Визер, О.Бем-Баверк
- c) К.Маркс, Ф.Энгельс
- d) А.Смит, Д.Рикардо
- e) Т.Мен, А.Монкретьен

7. "Еңбек-байлықтың әкесі, жер –оның анасы" деген сөзді кім айтқан?

- a) Ф.Кенэ
- b) У.Петти
- c) А.Смит
- d) Д.Рикардо
- e) К.Маркс

8. Физиократтардың жарқын өкілдері:

- a) П.Л. де Буагильбер
- b) Т.Мен
- c) Кольбер
- d) Д.Ло
- e) Ф.Кенэ мен А.Тюрго

9. Құнның еңбек теориясын тарихи бірінші айтқан:

- a) К.Менгер, Ф.Визер
- b) У.Петти, А.Смит, Д.Рикардо
- c) Дж.Кейнс, М.Фридмен
- d) Ф.Кенэ, А.Монкретьен
- e) Дж.Гелбрейт, Р.Арон

10. Трансакциондық шығындар - бұл:

- a) Өндіріс шығындары
- b) Түрленген шығындар
- c) Ақпарат іздеу, меншік құқығын қорғау жөніндегі мәмілелер рәсімдеу бойынша, нарықтағы ойластырылмаған жағдайлар бойынша шығындар
- d) Жоспарлау шығындары
- e) Тұрақты және ауыспалы шығындар

11. Қазіргі экономикалық теорияда кейнсиандық бағыт дәлелдейді:

- a) Ақша массасына сұраныс арқылы нарықтық экономикада мемлекеттік реттеудің қажеттілігі

в) қоғамның дамуын тежеуші ретінде экономикада мемлекеттік реттеуді аластау.

с) барлық әлеуметтік –экономикалық мәселелерді еркін бәсекелестік жолымен шешу

д) шаруашылықтың нарықтық жүйесінің аралас экономикадан үстемдігі

е) а+в

12. Жұмысшы табының мүддесін көрсететін экономи-калық бағыт:

а) социализм

в) Капитализм

с) Утопиялық социализм

д) Маржинализм

е) Физиократизм

13. Экономикалық теорияның неоклассикалық бағытына тән емес:

а) Нарықтық баға құрылымы механизмінің тең құқылы элементі- сұраныс пен ұсыныс.

б) Экономиканың тұрақтануында басты рөлді ақша факторы алатындығы

с) Жалғыз ақылға сыйымды экономикалық саясат – либерализм

д) Барлық әлеуметтік –экономикалық мәселелер еркін бәсекелестікпен шешіледі.

е) Экономикаға мемлекеттің араласуын кеңейтіп, күшейту қажет.

14. Монетаризм экономиканы тұрақтандыру теориясы ретінде ұсынады:

а) Мемлекеттің ақша массасына бақылау жүргізуі.

б) Мемлекеттік бюджеттің тепе-теңдігіне қол жеткізу

с) Банктік несиенің жоғарғы пайызын қалыптастыру

д) Барлығы дұрыс

е) А+В

15. Мемлекеттің экономикаға ең аз араласу либерализм ілімін алғашқы жетілдірген:

а) К.Маркс

б) А.Смит

- c) Д.Кейнс
- d) У.Петти
- e) А.Маршалл

16.К.Маркс бойынша капиталдың анықтамасы:

- a) Бұл - өндіріс құралы.
- b) өндірісті ары қарай дамыту үшін жинақталған еңбек.
- c) өндіріске жағдай жасайтын нәрсе
- d) Қосымша құн әкелетін құн
- e) Қандай да болсын ақша сомасы.

17. Р.Мальтус бойынша жұмыссыздықтың себебі неден көрінеді:

- a) адамдардың тез көбеюімен тағам санының шектеулілігінің сәйкессіздігі
- b) Берілген еңбекақыға жұмысшылардың еңбек еткісі келмейтіндігінде.
- c) Адамдардың жинақтауға бейімдігінен тауарларға сұраныстың азаюынан.
- d) Капиталдың тұрақты бөлігінің ауыспалы бөлігіне қарағанда тез өсетін органикалық құрылысының өсуі.
- e) Бос орындар туралы ақпарат болғандықтан нарықтың жетілмеуі

18. Дж.М.Кейнс жұмыссыздықты қалай түсіндірді:

- a) Капиталдың органикалық құрылысының өсуі.
- b) Берілген еңбек ақыға жұмысшылардың еңбек еткісі келмейтіндігінен
- c) Адамдардың жинақтауға бейімдігінен тауарларға сұраныстың азаюынан.
- d) Жалпы адамдардың жалқаулығынан
- e) Бос орындар туралы ақпарат болғандықтан нарықтың жетілмеуі

19. Толық жұмыспен қамтылудың кейнсиандық теориясына тән емес:

- a) Нарық өз бетінше толық қамтылуды қамтамасыз етеді.
- b) Ішкі және сыртқы факторлардың әсері
- c) Салымдар мен инвестициялар туралы шешімді әр топтың адамдары әр түрлі қабылдайды.

d) инвестиция факторы тек қана пайыз мөлшері болып табылмайды, сондай ақ пайда нормасы болып табылады.

e) Төлеу қабілеті бар сұраныс жеткіліксіз.

20. Ж.Б.Сей заңы бойынша «сұраныс ұсыныс сияқты болуы тиіс». Қай элемент оған жатпайды:

a) Тауар өндірісінің процесі кірісті құрайды.

b) Кіріс тура өндіріс тауарларының құнына тең.

c) Әрбір өнім көлемінің өндірісі әрбір өнімді сатып алу кірісіне тең

d) Кірістің бір бөлігі салымға (жинаққа) кетеді.

e) $A+b+c$

21. «Салық салу және саяси экономия негіздері » шығармасының авторы :

a) А.Смитт

b) У.Петти

c) Д.Рикардо

d) Т.Мальтус

e) Ж.Сей

22. «Қайта жаңғырту теориясы» (Н.Сениора) табысты былай анықтады:

a) кәсіпкердің белгісіздігі және тәуекелінің төлемі

b) өндіріс факторы ретінде капиталдың табысы.

c) Кәсіпкердің капиталды өндірісте пайдаланғаны үшін сыйақы

d) Қосымша құнның өзгерген формасы

e) өндірістегі жаңашылдығы (жаңа техника) үшін төлем

23. К.Маркс бойынша сауда пайдасының мәні неде:

a) Тауар құнына үстеме

b) Алдау нәтижесі, сатып алушыларға (тұтынушыларға) кем беру.

c) өндіріс пайдасының бөлігі

d) Сауда кәсіпкерлігімен айналысқаны үшін төлем

e) Тауарөндірушілер арасында балама емес айырбас нәтижесі

24. Рикардонның жер рентасына көзқарасы:

a) Қосымша құнның жалпыға бірдей формасы

b) Жер құнарсыздығының нәтижесі

c) Табиғат сыйы

- d) Жерді сатып алуға жұмсалған капитал пайызы
- e) ұсыныста белгіленген өндіріс факторы ретіндегі жер өнімі

25. Марксизмнің көзқарасы бойынша жер рентасы деген не:

- a) Ортадан жоғарғы жағдайда әрекет ететін әрбір капиталдың жоғары пайдасы.
- b) Табиғат сыйы
- c) Жер сатып алуға жіберілген капиталдың пайызы
- d) Жерден түсетін жалпы табыс.
- e) Жердің құнарсыздығының нәтижесі

26. Оңтүстік Корея, Тайвань және испандық XX ғасыр бірқатар ғажайыптарының моделі болған «Неміс экономикалық ғажайыбының» «әкесі» :

- a) М.Фридмен
- b) А.Хайек
- c) М.Кейнс
- d) Л.Мизес
- e) Л.Эрхард

27. Инфляция феноменінің жақындағанын түсіндіретін $(MV=PQ)$ «Айырбас теңдігін» кім ұсынды:

- a) М.Фридмен
- b) А.Хайек
- c) М.Кейнс
- d) Л.Мизес
- e) Дж. Робинсон

28. «Ж.-Б.Сей заңына» тән емес:

- a) өнімдер өніммен сатып алынады.
- b) Сұраныс пен ұсыныстың теңдігі
- c) T1-D-T2 тізбегінің үзілу мүмкіндігі
- d) Ақша айырбастың тек қана делдалы
- e) Не жалпы жеткіліксіз тұтыну, не жалпы көп өндіру мүмкін емес.

29. Ф.Кенэнің «Экономикалық кестесінің» макроэкономикалық тепе-теңдігінің негізгі идеясы:

- a) ұдайы өндіру процесі – материалдық игіліктердің ұдайы өндірісі және өндірістік қарым-қатынастың ұдайы өндірісі.

- b) өндіріс процесін қайталау «табиғи тәртіп» негізінде пропорционалды болған жағдайда мүмкін болады.
- c) Кеңейтілген ұдайы өндірістің бастауы қосымша құн болып табылады.
- d) Микродеңгейдегі тепе-теңдік жағдайы салааралық тепе-теңдік негізінде талданады.
- e) A+b

30. Экономикалық тізбеде өндіріс құрылымының үйлеспеушілігі барлығын қай теория түсіндіреді:

- a) Маркстік теория
- b) Қайта жинақтау теориясы
- c) Жеткіліксіз тұтыну теориясы
- d) Монетарлық теория
- e) Неокейнсиандық теория

31. Өркениет түсінігі нені білдіреді:

- a) Техниканы
- b) Басқару нысандарын
- c) Өндіріс тәсілдерін
- d) Қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің деңгейін
- e) Дұрыс жауабы жоқ.

32. Алғашқы қауымдық құрылыстағы еңбекке тән емес:

- a) Біріккен еңбек қызметі
- b) Тікелей – қоғамдық еңбек
- c) Жоғары өндірісті еңбек
- d) Кооперацияның жеңіл түрілері
- e) Жауап беру қиындық туғызады.

33. XIV -XVIII ғ. басында қоғамның өндірістік күштерін өркендетуде негізгі орынды қандай шаруашылық алғанын анықтаңыз:

- a) Көлөнер және сауда.
- b) Жер өңдеу
- c) Көшпелі мал шаруашылығы
- d) Балық шаруашылығы
- e) Егін егу

34. Адам еңбегінің қай түрі өндірісті шаруашылыққа жатады?

- a) Балық аулау
- b) Аң аулау
- c) Жер өңдеу
- d) Жинақтау
- e) Дұрыс жауабы жоқ

35. Индустриялы қоғам экономикасының басты саласы:

- a) Ауыл шаруашылығы
- b) Машинажасау
- c) Құрылыс
- d) Қызмет көрсету саласы
- e) Өнеркәсіп

36. Постиндустриалдық жүйенің сипаттамасы:

- a) Тиімді технологиялы, ақпаратты қамтамасыз етілген, дамыған қызмет көрсету саласы бар экономика.
- b) Ауыл шаруашылығын меңгерген және қол еңбегі бағаланған экономика
- c) Машиналанған өнеркәсіп өндірісі және еңбек бөлісі негізіндегі экономика
- d) Халықтың әдет-ғұрып, салты негізіндегі экономика
- e) Аграрлық-индустриалдық

37. Индустрияға дейінгі қоғамнан индустриялы қоғамға көшу мына процесс негізінде болады:

- a) Кооперация
- b) Неолитикалық революция
- c) Менеджерлер революциясы
- d) Ғылыми-техникалық революция
- e) Өнеркәсіп революциясы

38. «Постиндустриалдық» сөзіндегі пост сөзі қандай мағына береді:

- a) Бірінші
- b) Соңғы
- c) Ауыспалы
- d) Қорытынды
- e) Дұрыс жауабы жоқ

39. «Экономикс» курсы кім бірінші оқыды:

- a) Джон Стюарт Милль

- b) Адам Смит
- c) А.Маршалл
- d) П.Самуэльсон
- e) К.Маркс

40.А.Смиттің „Экономикалық адамы” -бұл:

- a) Оқымысты-экономист
- b) Экономикалық теориядағы адам тұжырымы
- c) Дұрыс жауабы жоқ
- d) Кәсіпкер
- e) Ауылшаруашылығындағы фермер

41.«Табиғат туралы зерттеу және адамдардың байлығының себебі» кітабының авторы:

- a) А.Смит
- b) Д.Рикардо
- c) К.Маркс
- d) К.А.Сен-Симон
- e) Ш.Фурье.

42.Капиталды кім негізгі және айналымдағы деп бөлді:

- a) Ш.Фурье
- b) Д.Рикардо
- c) К.Маркс.
- d) К.А.Сен-Симон
- e) А.Смит

43.« Бағаны тең құқығынан айыру» түсінігін, яғни бағаға карағанда сұраныстың бейімділігі негізінде нарық монополиясын сегменттерге бөлу түсінігін кім енгізді:

- a) М.Фридмен
- b) Ф.А.Хайек
- c) Д.М.Кейнс.
- d) Л.Мизес
- e) Дж.Робинсон

44.«Құлдыққа жол» «Қауіпті менмендік. Социализм қателіктері» кітаптарының авторы:

- a) М.Фридмен
- b) Ф.А.Хайек
- c) Д.М.Кейнс

- d) Л.Мизес
- e) Дж.Робинсон

45.Өкілдері саяси экономияны ұлттық шаруашылық туралы ғылым ретінде қарайтын 19 ғасырдың екінші жартысындағы экономикалық ойлардың бағыты. Бұл неоклассикалық бағытқа қарама-қарсы туындаған бағыт:

- a) Австралиялық мектеп
- b) Лозан мектебі
- c) Кембридж мектебі
- d) Америкалық мектеп
- e) Тарихи мектеп

46.Айналымдағы ақша массасының ролін анықтау негізіндегі, сондай ақ экономиканы тұрақтандыру саясатын және оның жұмыс істеуі мен дамуын жүзеге асыратын экономикалық теория:

- a) Кейнсиандық
- b) Институционализм
- c) неолиберализм
- d) Монетаризм
- e) Социализм

47.Уақыт бойынша әлеуметтік –экономикалық факторлар жиынтығын зерттеу, сондай ақ қоғамның экономикаға әлеуметтік бақылауын оқып, үйрену үшін ХХ ғасырдың 20-30 ж. қалыптасқан экономикалық ойлардың бағыты:

- a) Кейнсиандық
- b) Институционализм
- c) неолиберализм
- d) Монетаризм
- e) Социализм

48.Өндіріс шығасысының мәні туралы К.маркстің екі анықтамасы:

- a) Тұтынылған өндіріс құралдарының орнын басатын тауар құнының бөлігі және қолданылған жұмыс күшінің бағасы
- b) Капиталистің өзі үшін тауар құны
- c) Қоғам үшін тауар құны
- d) A+C

e) $A+b$

49.«Функционалдык пайда» теориясы (И.Шумпетер) пайданы былай карады:

- a) Кәсіпкердің белгісіздігі мен тәуекелділігі үшін төлем
- b) Капиталдың табысын өндіріс факторы ретінде
- c) Капиталды өндірісте пайдаланғаны үшін кәсіпкердің сыйақысы
- d) Қосылған құнның бір түрі ретінде
- e) кәсіпкердің іскерлігі үшін еңбекақы ретінде

50.«Экономикс» «қалыпты» пайдаға мынадай анықтама береді:

- a) Экономикалық пайданың бөлігі
- b) Бухгалтерлік пайданың бөлігі
- c) өндірістің ішкі шығасысының бөлігі
- d) өндірістің сыртқы шығасысының бөлігі
- e) Бәрі дұрыс

51.Марксистік теория пайдаға мынадай анықтама береді:

- A) Кәсіпкерлік қызмет үшін төлем
- b) Тәуекел үшін төлем
- c) өндіріс факторларын пайдаланғаннан табыс
- d) Бөтен біреудің ақысы төленбеген еңбегін иемдену
- e) Жаңашылдығы үшін төлем

52. Маркс бойынша пайданың мәні:

- a) Табыстың барлық формаларының: пайыздың, еңбек-ақының, рентаның (өсімнің), кәсіпкерлік табыстың сомасы
- b) Тек капиталдың пайызы
- c) Қосылған құнның бір түрі ретінде
- d) Жаңашылдықтың табысы
- e) Кәсіпкердің тәуекелі үшін қоғамның төлемі

53.Халықаралық валюталық қордың құрылуына негіз болған халықаралық қаржылық жүйе ұйымының қағидаларын кім әзірледі:

- A) Дж. Гелбрейт
- b) Т.Веблен
- c) У.Митчелл
- d) Дж. Кейнс

е) Дж. Робинсон

54. Неліктен Кейнс бойынша толық жұмыстылық мүмкін емес:

А) Жұмыссыздар болса да, еңбекақы төмендемейді

б) Еңбекақының төменгі шегі бар

с) Яғни, жұмыссыздардың белгілі пайызы болуы мүмкін

д) жиынтық сұранымды көбейту қажет және осыған сәйкес еңбекке сұраным көбейеді.

е) Жоғарыда аталғандардың жиынтығы

55. Кейнс бойынша неоклассикалық ілімнің негізсіздігі неде:

А) Экономика тегіс дамымаған

б) Еңбекақы мен баға соншалықты икемді емес

с) Пайыз деңгейі қисық қор жинау және инвестицияның қиылысымен емес, қолма-қол ақшаның сұранысы және ұсынысымен анықталады,

д) Пайыздың икемділігі АД? –ның төмендеуін тоқтатпайды.

е) Айтылғандардың жиынтығы

56. Физиократтар жер рентасын былайша қарады:

а) Қосылған құнның жалпы нысаны

б) Жердің сараңдығының нәтижесі _____

с) Табиғат сыйы

д) Жерді сатып алғанда шығындалған капиталдың пайызы

е) Кесімді ұсынысы негізінде өндіріс факторы ретінде жер өнімі

57. Жер рентасы ілімін дамытуда Рикардоның сіңірген еңбегі неде

А) Оны бағаның еңбек құны ілімі негізінде түсіндірді

б) өндірістің ең жаман жағдайларымен реттеледі

с) Рента көзі - жер өңдеушінің ақысы төленбеген еңбегі

д) Жоғарыда аталғандардың жиынтығы

58. Маркс бойынша абсолюттік рентаның пайда болу себебі неде

А) Жеке меншіктің жерге монополиясы

б) Жеке шаруашылықтың жерде монополиясы

с) Жердің шектеулілігі

д) өнеркәсіппен салыстырғанда жер игеруде капиталдың органикалық құрылымындағы айырма

e) Учаскелердің өнімділігі және орналасқан жеріндегі айырма
59. Қоғамдық өндірісті бөлуде физиократтардың (Ф.Кенэ) қателігі неде

- A) III және СП –екі бөлімшеге бөлуінде
- b) Байлықты құрайтын жер игеру ісіне және тек осы байлықты өңдеумен айналысатын өндіріске бөлуінде
- c) Тек СП өндірісінен ғана
- d) Тек III өндірісінен ғана
- e) Бәрі дұрыс

60. «Елдің халқы заңы туралы тәжірибе» шығармасындағы елдің халқы ілімін кім әзірледі

- a) С.Сисмонди
- b) П.Прудон
- c) Дж. Милль
- d) Т.Мальтус
- e) Р.Оуэн

61. А.Смит бойынша, экономикалық өзімшілдік:

- a) Қоғам үшін зиянды болды
- b) Үкіметтің араласуына әкелді
- c) Кәсіпорындарды жоғары бағамен төмен сапалы тауар шығаруға мәжбүр етті
- d) Кәсіпорындарды төмен бағамен жоғары сапалы тауар шығаруға мәжбүр етті
- e) Жауап беру қиындық туғызады.

62. Нарықтың „Көрінбейтін қолдары” -бұл:

- a) “игілікті сауда балансына” жету мақсатымен экономиканы реттеу
- b) Сұраныс пен ұсынысты реттейтін экономикалық күштер
- c) Елдің құқықтық заңдары
- d) Объективті экономикалық заңдардың табиғи әрекеті
- e) A+B

63. Карл Маркстың пікірі бойынша тарихтың барысы мына жағдайлар бойынша анықталады:

- a) Ұлы адамдардың іс-әрекеттерімен
- b) Объективті заңдардың күшімен
- c) Жұмысшылар мен капиталистердің бірігумен

d) Діни және патриоттық күштермен

e) Дұрыс жауап жоқ

64. Карл Маркс тауар және көрсетілетін қызметтің құны мына жағдайлардан туындайды деп есептеді:

a) Олардың өндірісіне кеткен еңбекпен

b) Олардың өндірісіне кеткен капитал және еңбек сомасымен

c) Артық капитал салымдарымен

d) Еңбекті қанаумен

e) Барлық жауап дұрыс

65. Наполеонмен қатар кімді Европадағы күдіретті дума билеушісі деп санады?

a) Д.Рикардо

b) А.Смит

c) К.Маркс

d) Дж.С.Милль

e) У.Петти

66. К.Маркстың „Капиталы” неше томнан тұрады?

a) Бір

b) Екі

c) Үш

d) Төрт

e) Бес

67. К.Маркстың „Капиталының” екі нші томы қалай аталады?

a) „Капиталды өндіру процесі”

b) „Капиталдың айналым процесі”

c) „Тұтастай алғандағы капиталистік өндіріс процесі”

d) „Қосымша құн теориясы”

e) „Капитал”

68. К.Маркстың ғылыми жетістіктері:

a) Еңбектің екіжақты сипатын ашты

b) Тауардың қарама-қайшылығын ашты

c) Қосымша құн туралы ілімді дамытты

d) Ұдайы өндіріс және дағдарыс теориясын әзірледі

e) Барлық жауап дұрыс

69. Соғыс, эпидемиялар, табиғи апаттар және т.б. жағдайларда халық санының „табиғи” реттелу әдісін ақтаған экономикалық бағыт:

- a) Марксизм
- b) Мальтузиандық
- c) Кейнсиандық
- d) Неоклассиктер
- e) Фашистер

70. Айналымдағы ақша массасы нарықтық экономиканың тұрақтылығы мен дамуында анықтаушы рөл ойнайтын экономикалық теория:

- a) Монетаризм
- b) “ұсыныс экономикасы” теориясы
- c) „Оңтайлы күтулер” теориясы
- d) Либерализм
- e) Кейнсиандық

71. Экономикалық ғылым тарихы пәні:

- a) Шаруашылықты тиімді жүргізудің жолдарын іздеу және үйрену;
- b) Қоғамдық өндірістің қалыптасуы мен даму тарихын оқып үйрену;
- c) Адамның қоғамдық дамуы барысында экономикалық идеялар мен көзқарастардың ауысуы және тарихи процестердің қалыптасуымен даму тарихын оқыту;
- d) Тарихты оқу және қоғамдық өндіріспен ұдайы өндірістің дамуын іздеу;
- e) Дұрыс вариант b және c

72. Экономикалық ғылымның тарихын зерттеу әдісі;

- a) Эксперименталдың, гипотетико-дедуктивтік, уақытша статистикалық.
- b) Эксперименталдың, синтез-талдау, статистикалық.
- c) Эксперименталдың, экономикалық, моделдеу.
- d) Тарихи-модельдік, математикалық, абстракциялық әдісі.
- e) тек А және Д.

73. Экономикалық ойдың қазіргі бағыты:

- a) Маржинализм, меркантилизм, неокейнсианизм, неоклассицизм, физиократизм.
- b) Неокейнсианизм, неоклассицизм, марксизм, физиократизм, неoinституциализм.
- c) Марксизм, капитализм, коммунизм, социализм, маржинализм.
- d) Неокейнсианизм, неоклассицизм, неoinституциализм, неолиберализм, марксизм.
- e) Неолиберализм, неoinституциализм, коммунизм, фашизм, марксизм.

74. Ежелгі Шығыс экономикалық ойлардың бастауы -

- a) Патша кодексі Хаммурапи. Конфуций (Кун-цзы). Трактат «Артхашастра».
- b) Трактат «Артхашастра». Конфуций (Кун-цзы). Ксенофонт.
- c) Ксенофонт. Трактат «Артхашастра». Патшаның кодексі Хаммурапи.
- d) Платон. Аристотель. Ксенофонт.
- e) Дұрыс жауап жоқ.

75. Ежелгі Греция экономикалық ойлардың өкілдері.

- a) Кодекс царя Хаммурапи. Конфуций (Кун-цзы).. Трактат «Артхашастра».
- b) Трактат «Артхашастра». Конфуций (Кун-цзы). Ксенофонт.
- c) Ксенофонт. Трактат «Артхашастра». Кодекс царя Хаммурапи.
- d) Платон. Аристотель. Ксенофонт.
- e) Дұрыс жауап жоқ.

76. Экономиканы зерттегендегі маржиналдық шаманы жүйелі талдау принциптері, сондай-ақ макроэкономика мәселелері мен экономиканы мемлекеттік реттеу проблемасы және экономикалық либерализм идеясына негізделген ХІХ ғ. 90-жылдары қалыптасқан бағыт.

- a) Неоклассицизм.
- b) Неокейнсианизм.
- c) Неoinституциализм.
- d) Неолиберализм.
- e) Марксизм.

77. XX ғасырдың 50-60 жылдары шыққан бағыт: негізгі Дж.М.Кейнс теориясы. Ұдайы өндіріс процесіне табыстың өсуі туралы қосымша оқу. (акселерация принципі).

- a) Неоклассицизм.
- b) Неокейнсианизм.
- c) Неоинституционализм.
- d) Неолиберализм.
- e) Марксизм.

78. XX ғасырдың 60-70-жылдары шыққан ағым. Экономикалық процестерді технократияға тәуелділігін, сондай-ақ әлеуметтік өмірде экономикалық процестің маңызын түсіндіруі.

- a) Неоклассицизм.
- b) Неокейнсианизм.
- c) Неоинституционализм.
- d) Неолиберализм.
- e) Марксизм.

79. Кәсіпкерлердің еркін бәсекелестігіне және либерализмінің басқа элементтеріне қол жеткізген кездегі шаруашылық процестерді мемлекеттік реттеудің экономикалық оқулары

- a) Неоклассицизм.
- b) Неокейнсианизм.
- c) Неоинституционализм
- d) Неолиберализм.
- e) Марксизм.

80. Жұмысшы табының мүдесін қорғайтын XIX ғ. 40-жылдары Германияда шыққан экономикалық ойлар бағыты; негізгі социализмнің жеңісі болмай қалмайтынын орнықтыру үшін құн және қосымша құн туралы ұсыныс.

- a) Неоклассицизм.
- b) Неокейнсианизм.
- c) Неоинституционализм
- d) Неолиберализм.
- e) Марксизм.

81. Ортағасырдағы экономикалық ойлардың бастауы?

- a) Куран.

- b) Ибн-Хальдун ойлары
- c) Блаженный Августин ойлары
- d) Фома Аквинский ойлары.
- e) Барлық жауаптар дұрыс.

82. Ішкі сауда бұл сауда балансын белсенді жүзеге асыру есебіне болған байлық бастауы деген экономикалық ойлар бағыты.

- a) Меркантилизм.
- b) Физиократизм.
- c) Классикалық саяси экономия.
- d) Экономикалық романтизм.
- e) Социализм.

83. Тауар құнының жалғыз көзі- негізі еңбек ақы, табыс, пайыз және рента болып табылатын жұмысшының еңбегі жататын, еркін және кәсіпкерліктің мәселелерін шешу үшін шығарылған ХҮІІІ- ХІХ ғасырдың аяғындағы ағым.

- a) Меркантилизм.
- b) Физиократизм.
- c) Классикалық саяси экономия.
- d) Экономикалық романтизм.
- e) Социализм.

84. Ауылшаруашылық өндірісі экономикасы орталық рөл атқаратын классикалық саяси экономика бағыты.

- a) Меркантилизм.
- b) Физиократизм.
- c) Классикалық саяси экономия.
- d) Экономикалық романтизм.
- e) Социализм.

85. Ұсақ буржуазия мүддесін көрсететін экономикалық ойлар бағыты.

- a) Меркантилизм.
- b) Физиократизм.
- c) Классикалық саяси экономия.
- d) Экономикалық романтизм.
- e) Социализм.

86. Жекешелік және теңдік (материалдық игілік, құқықтар мен міндеттердің көлемі) бірлігі негізі теориясы.

- a) Меркантилизм.
- b) Физиократизм.
- c) Классикалық саяси экономия.
- d) Экономикалық романтизм.
- e) Социализм.

87. Карл Менгер – қай мектептің негізін қалаушы?

- a) Австриялық мектеп.
- b) Лозандық мектеп.
- c) Кембридж мектебі.
- d) Американдық мектеп.
- e) Тарихи мектеп.

88. Леон Вальрас – қай мектептің өкілі?

- a) Австриялық мектеп
- b) Лозандық мектеп.
- c) Кембридж мектебі.
- d) Американдық мектеп.
- e) Тарихи мектеп.

89. Альфред Маршалл – экономикалық мектептің өкілі ме?

- a) Австриялық мектеп
- b) Лозандық мектеп.
- c) Кембридж мектебі.
- d) Американдық мектеп.
- e) Тарихи мектеп.

90. Джон Бейтс Кларк – экономикалық мектептің өкілі ме?

- a) Австриялық мектеп.
- b) Лозандық мектеп.
- c) Кембридж мектебі.
- d) Американдық мектеп.
- e) Тарихи мектеп.

91. Нарықтық экономиканың мемлекеттік реттеу қажеттілігін және маңызын мойындайтын және негіздейтін макроэкономикалық теория:

- a) Маржинализм
- b) Неоклассицизм

- c) Марксизм
- d) Кейнсиандық
- e) Монетаризм

92. Экономикс –бұл:

- a) өндірісті нарықтық ұйымдастыру теориясы мен тәжірибесі
- b) Қоғам өз билігіндегі шектеулі ресурстарды қалай басқаратыны туралы ғылым
- c) әлеуметтік –бейтарап тәртіп
- d) Құнды талдау негізіндегі ғылым
- e) Барлық жауап дұрыс

93. Саяси экономия-бұл:

- a) Классикалық философия негізіндегі ғылым
- b) Құнды талдау негізіндегі ғылым
- c) Құбылыстар арасындағы функционалдық тәуелділікті қарастыратын тұжырымдама
- d) Барлық жауап дұрыс
- e) Дұрыс жауабы жоқ

94. Маркс құнды былайша анықтады:

- a) Жұмыс уақыты мен қоғамдық қажет
- b) Жұмыс уақытымен
- c) Өндірістің төмен жағдайларында тауар өндірудегі жұмыс уақытымен
- d) Сатып алушылардың субъективті бағаларынан шыға
- e) Өндіріс құралдары мен еңбек төлемі шығындарынан шыға

95. Пайдалылық шегі теориясы сұраныс пен ұсыныс теориясымен және өндіріс шығыны теориясымен біріккен кімнің тұжырымы ең сәтті тұжырым болды:

- a) Бем-Баверктің
- b) Дж.Кларктің
- c) П.Самуэльсонның
- d) А.Маршаллдың
- e) К.Менгердің

96. Трансакциондық шығын теориясы кімдерге тиселі:

- a) Австрия мектебіне
- b) Маржиналистерге
- c) Институционалистерге

d) Неоинституционалистерге

e) Марксистерге

97. Балама мүмкіндіктер шығынының субъективті теориясы кімдерге тиселі:

a) Австрия мектебіне

b) Маржиналистерге

c) Институционалистерге

d) Неоинституционалистерге

e) Марксистерге

98. Тұтынушылар демонстративті түрде тұтынатын тұтыну теориясындағы жағдай:

a) „Снобтің эффектiсi”

b) „Вагон тиімділігі”

c) „Тиімсіз сұраныс”

d) „Веблен тиімділігі”

e) „Алдын- ала болжаған сапа тиімділігі”

99. Қисық немқұрайлылық және тұтыну бюджеті теориясы кімге тиселі:

a) У.Джевонс

b) А.Маршалл

c) В.Парето

d) И.Фишер

e) С+Д

100. Кеміген пайдалылық шегі заңын кім шығарған:

a) У.Джевонс

b) А.Маршалл

c) В.Парето

d) И.Фишер

e) Госсен

101. Меркантилизм өкілдері санады:

a) байлық тек саудада құралады;

b) байлық, ақша және алтын жинаудан құралады;

c) мемлекет саудада протекционистік саясат жүргізуі тиіс;

d) мемлекет халақаралық сауданы кеңейтуі керек;

e) жазылғандардың жиынтығы.

102. Қазіргі экономикалық теорияда кейнсиандық бағыт

- a) ақша массасына сұраным арқылы нарықтың экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі
- b) қоғам дамуының тежеуіктері ретінде экономиканы мемлекеттік реттеуді аластау;
- c) еркін бәсекелестік жолымен барлық әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу;
- d) аралас экономикадан шаруашылықтың нарықтық жүйесінің басымдылығы;
- e) a+b

103. Неоклассикалық теорияның негізгі идеялары мына ғаламдардың еңбектерінде әзірленді:

- a) А.Маршалл;
- b) М.Фридмен;
- c) Ф.Хайек;
- d) Л.Мизес;
- e) жоғарыда көрсетілген барлық ғалымдардың еңбектерінде.

104. Экономикалық теорияның неоклассикалық бағытына тән:

- a) сұраныс пен ұсыныс-нарықтың бағаны қалыптастыру механизмнің тең дәрежелі элементтері;
- b) экономиканы қалыптастыруда басты ролді ақша факторы алады;
- c) ең бір ақылға қонатын экономикалық саясат-либерализм;
- d) барлық әлеуметтік-экономикалық мәселені еркін бәсекелестік шешеді;
- e) экономиканы кеңейту мен күшейтуге мемлекеттік ықпал қажет.

105. Монетаризм экономиканы тұрақтандыру теориясына ұсынады:

- a) ақша массасына мемлекеттік бақылау;
- b) мемлекеттік бюджет балансына қол жеткізу;
- c) жоғары банктік несие пайызын қалыптастыру;
- d) барлығы дұрыс;
- e) a+b.

106. Маржинализм мыналардан басталады:

- a) экономика-бұл шаруашылық субъектілерінің қарым-қатынас жүйесі;
- b) барлық процестердің негізі-шекті, шекті жағдай;
- c) субъектілер сезу қабілеті көзқарасы құбылысын бағалау;
- d) сапалық талдау басымдылығын бағалау;
- e) барлық жауап дұрыс.

107. Меркантилизм мыналардан басталады:

- a) байлық- бұл бәрінен бұрын алтын;
- b) сауда байлық әкеледі;
- c) сыртқы шығаратын тауар өндіретін мануфактураларды қолдау;
- d) бәрі дұрыс;
- e) b+c.

108. Меркантилизмнің кемшілігін көрсететін екі ерекшелікті көрсетіңіз:

- a) байлық саудадан құралады;
- b) мануфактураларды дамыту қажет;
- c) байлықтың басты нысаны-алтын;
- d) a+c;
- e) b+c.

109. Физиократтар ілімінің басты мазмұны неде:

- a) ұлт байлығы-ауылшаруашылық тауарлары;
- b) оның көзі ауылшаруашылық еңбек болып табылады;
- c) шаруаларды әр алуан ауыр салықтардан құтқару;
- d) сауда тек қана жасалған игіліктердің айырбасы;
- e) барлығы дұрыс.

110. Физиократтар оқуының кемшіліктері неде?

- a) ауылшаруашылық еңбек қана өнімді;
- b) ақша байлық болып табылмайды;
- c) сауда тек қана жасалған игіліктердің айырбасы;
- d) өндіріс өту объектісі болып табылды;
- e) барлығы дұрыс.

111. Марксизм экономикалық теория пәні туралы:

- a) экономикалық қарым-қатынас;
- b) игіліктердің сиректігі;
- c) табиғатқа қарауы, көңіл бөлуі;

- d) өндіріс тиімділігі;
- e) шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану.

112.Экономикс экономика теориясы пәні туралы:

- a) экономикалық қарым-қатынас;
- b) игіліктердің сиректігі;
- c) табиғатқа қарауы, көңіл бөлуі;
- d) өндіріс тиімділігі;
- e) шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану.

113.Либерализмнің экономикаға мемлекеттің ең аз араласуы идеясын жетілдіргендер:

- a) К.Маркс
- b) А.Смит
- c) Д.Кейнс;
- d) У.Петти;
- e) А.Маршалл

114.К.Маркстің экономика ғылымының дамуы туралы ашқан жаңалығына мыналар жатады:

- a) қоғамдық-экономикалық формациялар туралы оқу;
- b) экономикалық дағдарыстар және кеңейтілген ұдайы өндіріс теориясы;
- c) тауарға айналған, еңбектің екі жақтылығы туралы ілім;
- d) қосымша құн туралы оқу;
- e) жоғарыда айтылғандардың бәріне қатысты.

115. „Саяси экономия» термині нені білдіреді?

- a) үйді, шаруашылықты (үй шаруашылығы) басқару бойынша өсиеттер жиынтығы;
- b) мемлекеттік қаржы туралы мәлімет;
- c) салық және сауда саясаты, ақша туралы ережелер жиынтығы;
- d) жеке шаруашылықты (феодал меншігін) жүргізу және ұйымдастыру ережесі туралы жинақталған білім мен ұсыныстар жиынтығы;
- e) жалпыұлттық, мемлекетті шаруашылық жүргізу ережесі.

116. А.Смиттің пікірінше өндірістің „табиғи” заңдарының талаптары қандай?

- a) жұмысшыны жалдау және қозғаласы еркіндігі;

б) жерді еркін сатып алу-сату, мұрагерлік меншік жүйесі жойылу;

с) кәсіпорын өндірісін жүргізгенде және ұйымдастырғанда барлық тәртіп белгілеуді жою;

д) тауардың елдің ішіндегі қозғалысы кезінде салық пен баж алымын енгізу;

е) сыртқы саудадағы толық еркіндік.

117. Классикалық мектептің аса маңызды еңбегі неде?

а) басты оқу объектісінің сапасы-материалдық өндіріс саласы;

б) қоғамдық өндірістің „көрінбейтін қолы» болуы (даму заңы);

с) құнның еңбек теориясын құру;

д) капиталистер мен жұмысшылардың қарама-қарсылық мәнін түсіндіру;

е) мемлекеттің экономикалық саясатынан ішкі экономикалық күштерді айырмашылығы.

118. Классикалық мектептің негізгі кемшілігі неде?

а) тауардың құндылығын құрайтын еңбектің түрін пайдалану кемшілігі;

б) еңбексіз табыстың әртүрлі формасының мінездемесі;

с) негізгі еңбексіз табыс көзі болатын қосымша құнды ашпау;

д) «табиғи» қоғам болғандықтан, капитализмнің мәңгілігін мойындау;

е) с+d.

119. А.Смит пен Д.Рикардоның негізін қалаушы ғылыми еңбектері қандай?

а) құнның еңбек теориясын өңдеу;

б) еңбек өнімін әділетсіз бөлу туралы теориясы;

с) ұдайы өндіріс теориясы;

д) ұдай өндіріс теориясы;

е) барлық жауаптар дұрыс.

120. Ақша теориясында «металлизм» (меркантилистер) бағытының негізгі ережелері:

а) ақша – асыл металдар;

б) металл ақшалардың орындайтын қызметін мойындау-құн шамасы, қазына және

әлемдік ақша;

- c) алтын қорының мөлшеріне сәйкес ақша шығару;
- d) қағаз ақшаға қарсы;
- e) жоғарыда айтылғандардың жиынтығы.

Реферат тақырыптары

- 1.Ежелгі дәуірдің экономикалық ой пікірлері.
- 2.Ежелгі Грециядағы экономикалық ойлар
3. Ортағасырда экономикалық ойлардың тууы.
4. Меркантилизм-саясаттың негізгі бағыттары
5. Классикалық саяси экономияның рөлі мен маңызы.
6. Француз классикалық саяси экономиясының ағылшын классикалық саяси экономиясынан айырмашылығы:
7. Утопиялық социализмнің сипаттамасы
8. К.Маркстің экономикалық ілімі және әдіснамасы (методологиясы)
9. К.Менгердің экономикалық көзқарастары.
10. Экономикалық теорияға В.Паретоның қосқан үлесі.
11. Орыс экономикалық ойлары
12. М.И.Туган-Барановскийдің экономикалық көзқарасы
13. Н.Д.Кондратьевтің ұзын толқындар теориясы
14. Дж. М.Кейнс – макроэкономикалық талдаудың негізін қалаушы
15. Л.Мизестің неолиберализмі
- 16.М.Фридменнің ақшаның сандық теориясы.

Бақылау сұрақтары

- 1.Экономикалық ілімдер тарихының пәні және зерттеу әдістері.
- 2.Экономикалық ілімдер тарихының қызметтері және рөлі.
- 3.Курстың құрылымы.
- 4.Ежелгі дәуірдің экономикалық ой пікірлері.
- 5.Ортағасырдың экономикалық ой пікірлері.
6. Меркантилизм-нарықтық қатынастардың пайда болуының басты мектебі.

7. Меркантилизмнің бастапқы және соңғы кезеңдері.
8. Меркантилизм мектебінің ғылыми маңыздылығы.
9. Классикалық саяси экономия пәні және оны оқыту әдісі
10. Физиократтардың экономикалық ілімі
11. Классикалық мектептің даму кезеңдері
12. У.Петтидің экономикалық көзқарастары.
13. П.Буагильбердің экономикалық көзқарастары.
14. Физиократтардың ғылыми еңбектерінің негізін қалаушысы Ф.Кенэ.
15. А.Тюргоның ғылыми еңбектерілерінің мәні мен әдістемегері.
16. Адам Смиттің экономикалық ілімі
17. Давид Рикардоның, Ж.Б.Сейдің және Т.Мальтустың экономикалық ілімі.
18. Классикалық саяси экономияның дамуының аяқталу кезеңі.
19. Марксистік мектеп.
20. Т.Мальтустың халық саны туралы теориясы.
21. Классикалық саяси экономияның дамуының аяқталу кезеңі
22. Дж.С.Милльдің экономикалық ілімі.
23. Мұратты қоғам моделі
24. “Капиталдың” негізгі идеялары: капиталдың мәні, құрылымы, жинақталуы.
25. С.Сисмондидің әлеуметтік –экономикалық көзқарасы
26. П.Прудонның экономикалық тұжырымдамасы
27. Утопиялық социализмнің сипаттамасы
28. Германия мектебінің тарихы
29. А.Мюллердің экономикалық көзқарастары.
30. Ф.Лист- саяси экономияның ұлттық жүйесі
31. «Көне тарихи мектеп» (В.Рошер, Б.Гильденбранд, К.Книс).
32. Жас тарихи мектеп (Л.Брентано, Г.Шмоллер, К.Бюхер).
33. Неоклассикалық бағыттың пайда болу алғышарттары.
34. Неоклассикалық бағыттың даму кезеңдері.
35. Маржинализм ерекшеліктері.
36. Маржинализмнің даму кезеңдері
37. Австриялық мектеп. Пайдалылық шегі теориясы.
38. Американдық мектептің өкілі Дж.Кларк.
39. Маржинализмге жол салушы - Г.Госсен. Госсеннің заңдары.

- 40.Фридрих фон Визердің экономикалық көзқарастары.
- 41.Кембридж мектебі..
- 42.А.Маршаллдың экономикалық оқуы.
- 43.Математикалық мектеп.
- 44.У.Джевонстың әдіснамасының (методологиясы) өзіндік сипаттары.
- 45.Лозанн мектептің өкілдері(Л. Вальрас и В. Парето).
- 46.Шведтік математикалық мектеп (К.Виксель).
47. Институционализмнің пайда болуы.
48. Э.Чемберлиннің монополистік бәсекелестік теориясы.
49. Дж. Робинсонның жетілмеген бәсекелестік экономикалық теориясы.
- 50.Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялары
- 51.Неокейнсиандықтың рөлі
- 52.Неолиберализмнің жалпы қағидалары
- 53.Дж.Кейнстің макроэкономикалық талдау.
- 54.Әлеуметтік нарықтық шаруашылық теориясы (Л.Эрхард)
- 55.Монетаризм мектебі.
- 56.П.Самуэльсонның экономикалық көзқарастары.
- 57.Қоғамның экономикалық гүлденуі ұсыныс экономикасы теоретиктерінің көзқарасы тұрғысынан.
- 58.Неоклассикалық синтездің мәні.
- 59.Қоғамдық таңдау теориясы пәні және оны зерттеудің мақсаты (Дж.Бьюкенен).
- 60.Вирджиндық мектеп әзірлеген саяси ұстаным моделі
- 61.Саяси іскерлік циклінің тұжырымдамалары
- 62.Өтпелі кезең экономикасын жоспарлау және болжаудың әдіснамалық негідерін әзірлеу.
- 63.Қазақстан Республикасындағы өтпелі экономика проблемалары
- 64.Қазіргі кездегі қазақстандық экономикалық ойлар.

Әдебиеттер тізімі.

1. Бартенов С.А. История экономических учений. – М.,1997.
2. Боровик Ф.Б. История экономических учений. - Минск: Высшая школа,1984.
- 3.Гусейнов Р.М., Горбачев Ю.В., Рябцева В.М. История экономических учений- М.:Инфра,2000.
- 4.Гукасьян Г.М.Экономическая теория.- Питер,2004.
5. Костюк В.Н. История экономических учений. – М.,Изд-во Центр,1998.
- 6.Титова Н.Е. История экономических учений. – М.,1995.
7. Худоркомова А.Г. История экономических учений. – М.,1999
- 8.Шмарловская Г.А.,Тур А.Н.,Лебедько Е.Е. и др. История экономических учений.-Минск,2000.
9. Ядгаров Я.С.История экономических учений. - Москва,2000.

Редакционно-издательский отдел Кокшетауского
государственного университета им. Ш.Уалиханова. Подписано в
печать 15.06.2005 г. Объем п.л. Тираж 100 экз.
Заказ № 17.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің
баспаханасында басылған.

Отпечатано в типографии Кокшетауского государственного
университета им. Ш.Уалиханова.

